

#КүшімізБірлікте

Біз өз қызметімізде, ең алдымен, қарапайым азаматтардың сұранысы мен мұң-мұқтажын басшылыққа алуымыз керек. Халықтан жоғары және халықтан биік тұрған ешкім де, ештеңе де жоқ.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.


ӘКІМ



БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ
НАҚТЫ ШЕШІМДЕР
БОЙЫНША
ҚАБЫЛДАНАДЫ

6-7

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ



ҚАЗАҚША
КҮНТІЗБЕ

12

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 15 сәуірдегі мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 098 670

II компонентпен
1 078 413

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 15 сәуірдегі мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 469 870** адам,

II компонентпен **9 208 982** адам

вакцина салдырды.

Ревакциналандығандар саны –
3 609 517

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.04.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+24+26 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с**

17.04.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+26+28 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



**Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №40 (6175) 16 сәуір, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

Бұл бағыттағы жұмыс күшейтіледі және әкімнің жеке бақылауында болады



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат ДОСАЕВ Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесті

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың биылғы 3 наурыздағы Жарлығымен әкімдердің халықпен кездесуі өткізілуінің жаңа форматы қабылданды.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев осы форматтағы алғашқы кездесуін Бостандық ауданынан баста-

ды. Шаһар басшысымен жүздесуге ауданның 700-ден астам тұрғыны келді. «Мен бірінші кездесуімді Бостандық ауданында өткізуді ұйғардым. Өйткені, бұл – біздің қаламыздың ең ірі ауданы, онда 365 мың адам немесе Алматы халқының 18%-ы тұрады», – деді қала әкімі тұрғындар алдында сойлеген сөзінде.

2-3

РОЗА БАҒЛАНОВА – 100

КҮМІС КӨМЕЙ ӘНШІГЕ ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Халық әртісі Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойын мерекелеу аясында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың, Қазақстанның Еңбек Ері, театр және кино актері Асанәлі Әшімовтің, Қазақстанның Еңбек Ері Әлібек Дінішевтің, Қазақстанның Халық әртісі Алтынбек Қоразбаевтың, мәдениет қайраткері Қуаныш Әбдіқалымовтың, филолог әрі акын Ақұштап Бақтыгерееваның, әншінің туғандары мен жақындары – ұлы Тәжен мен келіні Марал Бағлановтардың қатысуымен әйгілі әнші ескерткішінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

8

ҚЫСҚА...

- Қазақстандық IT-компаниялар цифрлық Үкіметтің отандық платформасын әзірлейді.
- Елімізде Бірыңғай индустрияландыру картасы әзірленді.
- Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті 15 сәуірден бастап жеке тұлғалардың банк шоттарының арасындағы мобильді ақша аударымдарына мониторинг жүргізе бастады.
- Құнанбай қорымының қабырғасынан Құран кітап табылды.
- Мемлекеттік органдар кеңсе қағазын сатып алуды қысқартады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

2022 ЖЫЛДЫҢ 28 СӘУІРІНДЕ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ
ЕРБОЛАТ ДОСАЕВТЫҢ АЛАТАУ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУІ ӨТЕДІ
Өтетін орны мен уақыты туралы қосымша хабарланатын болады.



● ПРЕЗИДЕНТТИҢ САЯСИ РЕФОРМАЛАР ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ЖӘНЕ БАҚ-ТЫҢ РӨЛІН КҮШЕЙТУ

1. Өңірлердегі қоғамдық кеңес өкілдерінің, партия басшыларының, Парламент депутаттарының, Азаматтық Альянс басшылығының, жұртшылық өкілдері мен сарапшылардың қатысуымен жаңа «Ұлттық Құрылтай» институтын құру

2. Сарапшылардың, ҰЕҰ және БАҚ өкілдерінің қатысуымен барлық ұлттық жобалар мен стратегиялық құжаттарды қоғамдық талқылау өткізу

3. Барлық коммерциялық емес ұйымдардың қаржылық есептілігінің, құрылтайшылар құрамының, мүлкінің, кірістері мен шығыстарының жариялылығын міндеттеу

4. БАҚ туралы жаңа заң әзірлеу және қабылдау. Отандық БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігін арттыру

5. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының айрықша құзыреттерін қысқарту

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:
«Мен үшін мемлекеттің ұзақмерзімді мүддесі биліктің қосымша мүмкіндіктеріне және уақытша ықпалына қарағанда әлдеқайда маңыздырақ».

(Мемлекет басшысының
Қазақстан халқына Жолдауынан,
16.03.2022).

#ЖаңаҚазақстан
#Жолдау2022

Almaty
AQSHAMY



● ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК

Бұл бағыттағы жұмыс күшейтіледі

(Басы 1-бетте)

Шаһар басшысы мұндай кездесулердің әр ауданда тоқсан сайын өткізілетінін, сонда жылдың соңына дейін Алматының 8 ауданында кем дегенде тағы 3 кездесуден, барлығы 24 кездесу өткізетінін айтты.

«Әкім болып тағайындалғаннан кейін мен Алматының барлық ауданын аралап шықтым, қаладағы жағдаймен және әр аудандағы проблемалармен таныстым. Негізгі мәселелерді шешу жолдарын айқын түсінемін және ең өзекті мәселелер бойынша жеке шешімдер қабылдадым», — деді Ерболат Досаев.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ – АЛДЫҢҒЫ САПТА

Қала әкімі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша Бостандық ауданы алдыңғы қатарда келе жатқанын атап өтті. Аудан бұл тұрғыда қаладағы жұмыспен қамту көрсеткішінің 19,7%-ын қамтамасыз етеді (2021 жылы – 193,6 мың адам, қаладағы барлық жұмыспен қамтылғандар – 982,7 мың адам). Олардың негізгі бөлігі шағын және орта бизнесте еңбек етеді – бұл аудандағы жұмыс істейтін халықтың 66,5%-ы (128,7 мың адам ШОБ-та).

Аудан салық түсімдерінің 24%-ын қамтамасыз етеді, 2021 жылы 284,7 млрд теңге инвестиция тартып, 1-орынды иеленді. Биыл қаңтар-ақпан айларында инвестиция көлемі 13,2%-ға өсіп, 42,2 млрд теңгені құрады.

– Биыл ауданда 7000-нан астам жаңа жұмыс орын құруды жоспарлап отырмыз (қала бойынша – 52 200). Жұмыспен қамту орталығы арқылы 2730 адамды жұмысқа орналастыру және жеке бастамалар есебінен 4413 орын көзделуде.

Жастарды қолдау үшін биыл біз (жергілікті бюджеттен қосымша ақы төлеу арқылы) жастар практикасы бойынша жалақы көлемін 30-дан 40 айлық есептік көрсеткішке дейін көбейттік, ол 122,5 мың теңгені құрайды. Алматы – еліміздегі ең ірі студенттер қаласы. Бостандық ауданында жоғары оқу орындары (12) мен колледждердің (20) ең көп бөлігі орналасқан, онда 68 мың студент білім алады, бұл қала студенттерінің жалпы санының 25%-ын құрайды, — деді Е.Досаев.

Әкім халықпен кездесуінде тұрғындардан келіп түсетін шағымдар мен ұсыныстарға талдау жүргізілгенін айта келіп, соның негізінде Бостандық ауданының негізгі проблемаларына тоқталды.

МЕКТЕП ПЕН БАЛАБАҚША САНЫ АРТАДЫ

Бостандық ауданы бойынша бірінші кезекте халық санының өсуіне және тұрғын үй құрылысының «қарқынды» жүруіне байланысты әлеуметтік инфрақұрылымның айқын дамымауы және қоғамдық кеңістіктердің жетіспеуі байқалады.

Бүгінгі таңда Алматы мектептеріндегі орын тапшылығы 19 мыңнан асады (19 611



орын), оның 3300-і Бостандық ауданында. Алматы балабақшаларына 1–6 жас аралығындағы өрендер бойынша кезек 41 200 орынды құрайды, оның 2400-і – Бостандық ауданында.

Бұл ретте ауданда осы жылдың 1 сәуірінде 60 мектеп (34 мемлекеттік және 26 жекеменшік) және 75 балабақша (30 мемлекеттік және 45 жекеменшік) жұмыс істейді.

– Қазіргі таңда мемлекеттік жер қорында әлеуметтік инфрақұрылымды, сондай-ақ демалу орындары мен қоғамдық кеңістіктерді салу және кеңейту үшін бос жер учаскелері жоқ екенін айтуға мәжбүрмін. Осы жағдайды ескере отырып, біз бұл проблемаларды тек құрылыс салу немесе кеңейту немесе ғимараттар мен жер учаскелерін жекеменшік иелерінен сатып алу арқылы шешетін боламыз. Ол үшін әкімдік қазіргі 1320 орынды мектептерге 5 қосымша құрылыс салуда, соның ішінде жылдың соңына дейін 1020 орынды 4 жапсаржай (№125, 146, 191 мектептер және №9 арнаулы интернат) пайдалануға беріледі. №65 мектепке 300 орынды 1 жапсаржай 2023 жылдың 3-ші тоқсанында беріледі.

Сондай-ақ, біз қазір жекеменшік колледжге тиесілі №94 мектеп ғимаратының бір бөлігін сатып алуымыз қажет, мұның өзі қосымша 600 оқушы орнын қамтамасыз етеді. Бұл ретте ауданда оқу жылының басында жаңадан мектепке келетін оқушы саны шамамен 1000 баланы құрайтынын ескеру қажет. Әзірге орын тапшылығы азаймайды. Бірақ бұл мәселені әзірленіп жатқан 2022–2024 жылдарға арналған Алматы қаласын дамыту жоспары арқылы шешуге күш-жігерімізді салатын боламыз, — деді шаһар басшысы.

АЛҒАШҚЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ- САНИТАРИЯЛЫҚ КӨМЕКТІ ДАМУЫ

Аудан тұрғындарына мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істейтін 28 медициналық ұйым қызмет көрсетеді. Қала қарамағында 10 стационар және 4 емхана бар, оларға 286 мың халық тіркелген.

Қала басшысы аудандағы 3 мемлекеттік емханада орын жоқ екенін, бұл жағдай қызмет көрсету сапасына, кезектілікке кері әсер ететінін айтты.

– Ауданда 7 жекеменшік емхана бар, онда 53,5 мың тұрғын тіркелген (әрбір жекеменшік емханаға 2-ден 10 мың адамға дейін). Әл-Фараби даңғылының оңтүстігіне қарай 2 отбасылық-дәрігерлік амбулатория орналасқан, олар 26 мың адамға қызмет көрсетеді. Сондықтан барлық жүктеме мемлекеттік емханаларға түседі. Әл-Фараби даңғылынан жоғары тұратын халыққа сапалы медициналық қызмет көрсету үшін біз 500 келушіге арналған емхана құрылысына жекеменшіктен жер учаскесін сатып алу үшін келіссөздер жүргізіп жатырмыз. 15 мамырға дейін емхана салынатын жерді анықтаймыз және жылдың соңына дейін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді аяқтауды жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар, жыл соңына дейін «Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының» төрт қабатты жаңа корпусының құрылысы аяқталады. Онда заманауи қабылдау бөлмесі, реанимация, операциялық және нейрохирургия бөлімшесі мен толық жабдықталған зертхана болады, — деді Е.Досаев.

30 МЫҢНАН АСТАМ АДАМ МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН

Бостандық ауданында халықтың әлеуметтік осал топтарының проблемаларын

шешу, мүмкіндігі шектеулі адамдарға қызметтер кешенін ұсыну, зейнеткерлердің бос уақытын ұйымдастыру және көпбалалы отбасыларды қолдау үшін жеткілікті дамытылған жүйе жұмыс істейді.

Бүгінгі өзінде әртүрлі үкіметтік емес ұйымдар аясында әлеуметтік жобалармен айналысатын 30 мыңнан астам адам мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен қамтылған.

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі адамдар санының өсуі алаңдатады. Егер бұдан 5 жыл бұрын қалада 45 мың адам болса, қазір олар 53 мыңнан асады, соның ішінде 7 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі азаматымыз Бостандық ауданында тұрады.

– Жұмыс істейтін мүгедек адамдарды қолдау үшін біз жылдың басынан әлеуметтік жұмыс орындарын субсидиялау көлемін 63 мыңнан 92 мың теңгеге дейін көбейттік, осы мақсаттарға 405 млн теңге (980 орын) бөлінді.

Алматыда мүгедек адамдар үшін әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының қолжетімділігін шешу үшін 2021 жылдың қыркүйек айында тиісті жоспар бекітілді. Бостандық ауданы 72 объектіні бейімдеу жоспарын орындауға тиіс. Халықты әлеуметтік қолдау – басты басымдық. Бұл бағыттағы жұмыс күшейтіледі және өзіміз жеке бақылауымыз аламын, — деді Е.Досаев.

Халықты әлеуметтік қолдау тақырыбына тағы да қоса кетсек, ауданда 2,8 мың көпбалалы отбасы тұрады (қаладағы көпбалалы отбасылардың 9%-ы). Оларға жан-жақты қолдау көрсету үшін «Бақытты отбасы» орталығы жұмыс істейді (Кеңес ұйымы, 1,5 мың адам). Аз қамтылған отбасылардың балалары үшін білім сапасын арттыру және қосымша білім беру мақса-



АҚОРДА АҚПАРАТТАРЫ

ЕЛІМІЗДЕ АӨСШК-НІҢ VI САММИТІ ӨТЕДІ

Бұл Кеңес Азиядағы ынтымақтастық жөніндегі толыққанды халықаралық ұйымға айналады

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев АӨСШК Хатшылығының атқарушы директорын қабылдады. Қайрат Сарыбай Ұйымның жұмысындағы экономикалық өлшемді жандандыру мәселесіне тоқталып, Президентке Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес Хатшылығының қазіргі жұмысы туралы мәлімет берді.

Биылғы 12-13 қазанда Қазақстан астанасында өтетін АӨСШК-нің VI саммитіне дайындық барысына ерекше назар аударылды.

Кездесуде АӨСШК-ні Азиядағы ынтымақтастық жөніндегі толыққанды халықаралық ұйымға айналдырудың перспективалары талқыланды. Осы маңызды міндетті жүзеге асыру – Қазақстан

төрағалығының басымдығы. Мемлекет басшысы Қазақстанның аталған Кеңеске төрағалығының басымдығын тиімді жүзеге асырудың маңызды екенін атап өтіп, алдағы саммит нәтижесі бойынша қабылданатын қорытынды құжат жобасын мұқият әзірлеу қажеттігін айтты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

#ЖОЛДАУ2022

Ұлытау облысының шекаралық аумағы белгіленді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Қазақстан халқына Жолдауында Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарын құруды ұсынғаны белгілі.

Осыған орай, Қарағанды облыстық мәслихаты жиын өткізіп, жаңадан ашылатын Ұлытау облысының шекаралық аумағын белгіледі. Жаңа өңірге облыстық маңызы бар үш қала – Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев, сондай-ақ екі аудан Жанаарқа және Ұлытау кіреді. Шешімге сәйкес Ұлытау облысының аумағы 188 936,61 км² құрады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚОЛДАУ – БАСТЫ БАСЫМДЫҚ

және әкімнің жеке бақылауында болады

тында «Шыңға өрлеу» орталығы жұмыс істейді («Асыл дария» қоры, 360 бала, халықтың әлеуметтік осал тобынан 50 педагог жұмысқа орналастырылды).

Қарт азаматтардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» жұмыс істейді («Асыл жүрек» қоры, 25 мың адам), мұнда негізгі басымдық зейнет жасындағы адамдарды қоғамға және белсенді өмірге тартуға жұмсалады.

БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУ – ӘКІМДІКТІҢ ЕРЕКШЕ НАЗАРЫНДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың шешімімен биыл Балалар жылы болып жарияланғаны белгілі. Сондықтан балаларды қорғау және оларды үйлесімді дамыту – әкімдіктің ерекше назарында.

Жыл бойы қалада жеке жоспар бойынша балаларға арналған іс-шаралар, қайырымдылық акциялары мен фестивальдар өткізіледі. Балаларға мектепке дейінгі білім беру, яғни балабақшалар санын көбейтіп қана қоймай, олардың сапасы мен инклюзивтілігін арттыру мәселелері де ерекше назарда болады.

– Президенттің тапсырмасы бойынша балалардың спорт және шығармашылық үйірмелерге тегін қатысуын жан-басына қаржыландыру бағдарламасы іске асырылып жатқанын атап өткім келеді. Биыл спорт секцияларына қатысуға – 3,2 млрд теңге, ал шығармашылық үйірмелерге 4 млрд теңге бөлінді, – деді шаһар басшысы.

Спорт секцияларына қатысатын 44 мың баланың 6,8 мыңы Бостандық ауданында тұрады. Олар 81 спорт секциясына барады. Сондай-ақ, қала бойынша шығармашылық үйірмелерге 54 мың бала қатысады. Соның ішінде ауданнан 9 мың бала 115 шығармашылық үйірмеге барып жүр.

Бұл бағдарлама халықтың нақты қажеттіліктеріне қарай одан әрі іске асырылатын болады.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЕСКЕРІЛЕДІ

Аудандағы өзекті мәселелердің үлкен блогы қазіргі тұрғын үй құрылысының қарқынына байланысты. Кездесуде тұрғындардан түскен сауалдардың басым бөлігі де осы бағытта болды.

– Бүгінде Бостандық ауданында, әсіресе «Мега орталық», «АДК» сауда орталықтарының, бұрынғы жеміс-консервілеу комбинатының жанында, сондай-ақ Сәтбаев – Байтұрсынов – Бұқар жырау көшелері – Есентай өзені бөлігінде тұрғын үй құрылысы қарқынды жүруде. Осыған байланысты менің тапсырмам бойынша әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін міндетті түрде салу талаптарын ескеріп отырып, құрылыс салу тәсілдері қайта қаралды. Бұрын рұқсат беру кезінде құры-



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

лыс салушылардан бұл қатаң талап етілмеген, сондықтан қазіргі «ауытқуларға» алып келді. Құрылыс мәселелерін жүйелі түрде шешу үшін осы жылдың мамыр айында Абай даңғылының оңтүстігінде Шығыс айналма жолынан Яссауи көшесіне дейін 9 қабаттан биік ғимарат салуды шектейтін жаңа регламент қала мәслихатының бекітуіне ұсынылады, яғни бұл периметрге барлық Бостандық ауданы кіреді, – деді мегаполис әкімі.

АУЫЗСУ МӘСЕЛЕСІ ОҢ ШЕШІМІН ТАБАДЫ

Аудан бойынша әл-Фараби даңғылының оңтүстігін сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі де өзекті болып тұрғаны айтылды. Бүгінде осы аумақты 5 жеке компания сумен жабдықтайды («Орхан», «Ерменсайсу», «Сервис Тау Су», «Ақсу», «Тау Су Қызмет» ЖШС), оның 3-еуі техникалық суды Каскад станциясынан алады.

Жеткізілетін су сапасы төмен, 1 текше метрдің құны 173 теңгені құрайды, бұл жалпы қалалық тарифтен (текше метр 48 теңге) 3,5 есе жоғары. Осы мәселені түбегейлі шешу үшін 2022 жылдың соңына дейін «Ерменсай» су қабылдағышының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу аяқталады және мемлекеттік сараптамадан өтеді (өнімділігі тәулігіне 9 мың текше метр).

2023 жылы су қабылдағыштың құрылысына қаржы бөлу үшін әкімдік ҚР Үкіметіне өтініш жасауға ниетті. Осы жобаны іске асыру әл-Фараби даңғылынан жоғары тұратын 20 мың халықты сапалы сумен толық қамтамасыз етеді.

БЮДЖЕТКЕ ХАЛЫҚ ТА АТСАЛЫСАДЫ

Жайлылықты дамыту және қаланы абаттандыруды жақсарту үшін 2019 жылдан бастап Алматыда халықтық «Бюджетке қатысу» жобасы іске асырылуда. Биыл бұл жоба бойынша Бостандық ауданы үшін қаржыландыру көлемі 58%-ға, яғни 766 млн теңгеге дейін ұлғайды (2021 жылы 483,8 млн теңге).

Бостандық ауданы тұрғындарының ұсыныстары бойынша 21 жоба іріктелді. Онда балалар және спорт алаңдарын, Гагарин, Масаншы, Бұқар жырау бульварын, Қазақ мемлекеттік циркі және Қазақ ұлттық университеті, №10 мектеп жанындағы скверлерді, Тимирязев көшесіндегі жаяу жүргіншілер аймағын, жасыл аймақтарды суару құбырларын ағымдағы жөндеу көзделген. 80 аула аумағына күрделі жөндеу жүргізіледі (2021 ж. – 100).

– Осы жылдың 31 тамызына дейін Үлкен Алматы өзенінің арнасын реконструкциялауға (Абай даңғылынан №1 тұндырғышқа дейін ұзындығы 5,7 шақырым), «Сұңқар» халықаралық шаңғы трамплиндерінің кешеніне іргелес жатқан аумақ-

ты нығайту жұмыстарын жүргізе отырып, қайта құруға, сондай-ақ екпе ағаштар үшін 2 көшеттіктің («Нұрлытау» шағынауданы) жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу аяқталады, – деді Е.Досаев.

Тақырыпқа орай айта кетсек, 15 көше мен ұзындығы 13,6 шақырым орам ішіндегі жолдарға орташа жөндеу жүргізіледі, қиылыстар мен жаяу жүргіншілер жүріп өтетін жолдарда 14 бағдаршам орнату жоспарлануда (оның ішінде шақыру батырмасы бар 8 бағдаршам).

Жалпы, ауданның барлық көше-жол желісі ағымдағы жөндеуден өтті, 6 бригада, 15 бірлік арнайы техника жұмылдырылған.

ТҮЙІН:

Тәуелсіздіктің алтын бесігі – Алматы қаласы баршамыздың ортақ мақтанышымыз. Оның өркендеуіне бәріміз де атсалысқымыз келеді. Сондықтан болар, қала әкімімен жүздесуге келген тұрғындар қарасы аз болмады. Бізді олардың жеке бастың емес, баршаға ортақ мүддені алға тартқаны, көпшіліктің мәселесін көтергені қуантты.

Бұл Бостандық ауданы тұрғындарымен кездесу болса да, қаланың өзге аудандарынан да келіп көкейтесті сауалын қоюға асыққан ағайын аз болмады. Шаһар басшысы оларды шетке ысырмай, тегіс тындап, бірақ жауабын сол ауданға барғанда беретінін айтты. Иә, алда әлі талай жүздесу бар. Талай түйінді мәселенің оң шешілетініне де сенім бар. Себебі, қала әкімінің жиылған халықты тыңдауға, олармен қашанда бірге болуға деген ықыласы осы алқалы жиында айқын көрініп тұрды.

Шаһар басшысының халықпен кездесуі 3 сағатқа созылды. Әкім тұрғындардың өзекті 200-ден астам сұрағына жауап берді. Кездесу қорытындысы бойынша нақты тапсырмалар беріліп, олардың орындалу мерзімі және оған жауапты бөлімшелер белгіленді. «Менің және біздің әкімдіктің алдындағы басты басымдық – бұл сіздер көтеретін барлық мәселе бойынша нақты шешімдер қабылдау және қала тұрғындарының лайықты өмір сүруі үшін қолайлы жағдай жасау», – деді Ерболат Досаев.

Енді Бостандық ауданы тұрғындарының Алматы қаласының әкіміне қойған сауалдары мен оған берілген жауаптарды ұсынамыз.



МАМАН КЕҢЕСІ

АУЫРМАЙЫҚ,
АҒАЙЫН!

Алматы қаласының №7 қалалық клиникалық аурухана емханасының эпидемиолог-маманы Гүлдархан ӘЖІМҰРАТОВА коронавирустан сақтанудың жалғыз жолы – вакциналау мен ревакцина алу екендігін айтады.



«Қазір елімізде жалпы эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Бүгінгі таңда халықтың ұжымдық иммунитеті қалыптасқан. Статистикаға сәйкес, шамамен 10,5 миллион адам вакцинацияланды, сонымен қатар 3,5 миллион адам ревакциналаудан өтті. Дегенмен, коронавирусты кез келген уақытта жұқтырып алуымыз мүмкін. Себебі, коронавирус ешқайда жоғалып кеткен жоқ, бұл қауіпті инфекция біздің арамызда өмір сүре береді. Сондықтан одан әрдайым сақтанып, алдын алу шараларын үнемі ұстанып жүруіміз керек. Барлық карантиндік талаптардың алынғанына қарамастан, халық көп жиналатын жерлерде бетперде таққан дұрыс. Вакциналау мен ревакцинадан бас тарту эпидемиалға кері әсер етуі мүмкін», – деді дәрігер.

Иә, алматылық мамандардың айтуынша,

карантиндік шаралар мен шектеулерді алып тастау – коронавирус мүлде жойылды дегенді білдірмейді. Әлемде ковидтің мутацияға ұшыраған жаңа штамдары бас көтеріп жатқанын ескерсек, етек-жеңімізді жинап жүргеніміз абзал.

Тақырыпқа орай айта кетсек, бүгінгі таңда алматылықтар үшін Pfizer (Комирнати, АҚШ), Vera Cell (Sinofarm, Қытай), QazVac (QazCovid-in Қазақстан) вакциналары қолжетімді. Мәселен, №7 қалалық клиникалық аурухана емханасында коронавирустық инфекцияға қарсы екпе салу сағат 08.00-18.00 аралығында жүргізіледі. Бұл ретте әрбір азамат дәл осы емханаға тіркелген-тіркелмегеніне қарамастан вакцина салдыра алады. Тек өзіңізбен бірге жеке куәлігіңізді ала жүріңіз.

Ауырмайық, ағайын!

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАДІРЛІ ІС

Жалғастың өмірін жалғайық!

Қазір Ораза айы. Бұл айда қолдан келгенше жоқ-жітімге, кемтар жандарға қолұшын беру сауаптың ең үлкені. Осы жолда Ораза айы сізге берілген зор мүмкіндік. Бүгінгі Рамазан айында Тәңірі сіздің сауапты іс жасауыңызға барлық жағдай жасап, ізгі амалдың есігін ашып отыр.

Қазақта «ата-ананы баламен сынама» деген сөз бар. Әрбір ата-ана бауыр еті баласының дені сау болып туып, қатарынан кем қалмауын тілейді. Ал сол көз қуанышы, үміт күтер ұрпағының мүмкіндігі шектеулі болғаны кімкімге де ауыр екені анық.

Редакциямызға арнайы келіп, мейірімді жандардан көмек сұрап отырған қала тұрғыны Қуандық Қарамырзановтың Жалғас есімді ұлының жасы биыл 13-те. Халқымыз «он үште отау иесі» десе, осы жастағы Жалғас тағдыр сынағына ұшырап, ата-анасы оның өмірі үшін күресуде.

Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бойынша Жалғасты мүгедек бала тобына жатқызып, оған мидың екі жарты шарының геморрагиялық типіндегі ОНМК салдары. Микроцефалия. ЗППР. Жалпыланған ұстамалары бар эпилепсия (последствие ОНМК по геморрагическому типу обих полушарии головного мозга. Микроцефалия. ЗППР. Эпилепсия с генерализованными припадками) ерекше деген диагноз қойылған.

Жалғастың жанына батқан дертке араша болайық!

Қол созып, көмек көрсетемін деген қайырымды жандар табылып жатса, Жалғастың әкесі Қуандықпен хабарласуларына болады.

Ұялы телефон: 8-7071417600 (Каспий голд осы нөмірде)
KZ 89722C000031943662.



НЕЙРОМОНИТОРИНГ



Алматылық дәрігерлер науқастың жұлынындағы қатерлі ісікке заманауи әдіспен ота жасады. Нақтырақ айтсақ, Орталық қалалық клиникалық аурухана дәрігерлері интраоперациялық нейромониторинг жүйесінің көмегімен тұңғыш рет ерекше ота жасап, жұлындағы қатерлі ісікті алып тастады.

Заманауи
әдіс

йесіне қосамыз. Сол арқылы операция барысын толық бақылауда ұстаймыз. Бұл жүйе манипуляция барысында жүйке жүйесінің зақымдануына жол бермейді», – дейді дәрігер.

Ерекше ота науқастың 6 және 7-ші омыртқа бөлігіне жасалған. «Екі сағатқа созылған ота сәтті өтті. Пациенттің қалыпты өмірге қайтып оралуға толық мүмкіндігі бар. Айта кетейін, жұлындағы ісік салдарынан жүйке қызметі бұзылады. Әдетте, аяқ-қолда әлсіздік пайда болады, сезімталдығы жойылады, жамбас пен жыныстық органдардың функциясы бұзылады», – деді Марат Алматов. Жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын операциялардың ақысы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қаражаты есебінен төленеді.

ТҰМАУ

Екпенің
нәтижесі

Алматыда тұмау мен ЖРВИ-ға шалдығу азайды. Бұл туралы жергілікті мамандар айтып отыр.



Кешегі аптада мегаполисте жіті респираторлық вирусты инфекцияның 3099 жағдайы тіркелген. Бұл наурыз айының соңымен салыстырғанда 3,76 пайызға төмен көрінеді. Қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің ақпаратына сүйенсек, жіті респираторлық вирусты инфекцияны жұқтырғандардың 66,9 пайызы – балалар. Ауруханаға барлығы 286 науқас жатқызылған, оның ішінде 11-і – жүкті әйел, 89-ы – 1 жасқа дейінгі нәрестелер.

«Биылғы эпидемиологиялық маусым басталғалы тұмаудың 51 жағдайы тіркелді. Сонымен қатар, қалада респираторлық синцитиальды вирус, аденовирус, риновирус және коронавирус сияқты тұмауға жатпай-

тын басқа ЖРВИ вирустары айналымда», – деп хабарлады ведомствадан.

Быттыр жергілікті әкімдіктің қаражатына ерекше топтағы адамдарды тұмауға қарсы егуге 170 926 доза «Гриппол плюс» вакцинасы сатып алынған болатын. Осы орайда еске салайық, қалада екпе салу маусымы бытырғы 15 қыркүйекте басталған-ды. Тұмауға қарсы вакцинаны 184 мыңнан астам адам алған. Оның ішінде жекеменшік медициналық орталықтарда жұмыс берушілер есебінен 10 260 адам, өз қаражаты есебінен 2973 адам егілген. Тұмаудың аса қатты тарамға-ны да осы екпелердің нәтижесі болса керек.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА

Қаржылық қолдау тапты

2022 жылғы қаңтар-ақпанда Алматы қаласы бойынша негізгі капиталға тартылған инвестициялардың көлемі 135,6 млрд теңгені (2021 жылғы қаңтар-ақпанда – 115,1 млрд теңге, Қазақстан Республикасы бойынша үлесі – 10,4%), оның ішінде ішкі инвестициялар – 117,5 млрд теңгені, сыртқы инвестициялар – 18,1 млрд теңгені құрады.

Қазіргі уақытта инвестициялардың басым бөлігі әлеуметтік салаға, оның ішінде денсаулық сақтауды, білім беруді және жаппай спортты дамытуға белсенді түрде тартылуда. Атап айтқанда, «Бизнестің жол картасы–2025» мемлекеттік бағдарламасы бойынша Медеу ауданындағы жеке медициналық орталығы құрылысының пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау қолдау тапты. Жобаға 3 млрд теңгеден астам инвестиция салынды.

«Медициналық орталық жалпы алаңы 4 мың шаршы метрді құрайтын 5 қабатты ғимараттан тұрады. Онда рентген және сәулелі диагностика кабинеттері, функционалдық диагностика мен эндоскопияны қоса алғанда, балалар мен ересектерге арналған амбулаториялық емханалық қызмет, стационарлық бөлім және 2 операция бөлмесі болады. Аталған клиника халықаралық стандарт бойынша салынды, жоғары технологиялық жабдықтармен жабдықталды. Үздік шетелдік және отандық мамандарды тартуды, жалақысы жоғары 200-ден астам жұмыс орнын құруды жоспарлап отырмыз», – дейді клиниканың бас директоры Сабыржан Базарбаев.

Клиника таяуда ашылады.

Бетті әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

ТАҒДЫР ТАҚТАСЫ

Асанәлі Әшімовтің төл шәкірттерінен құралған «Жаңа ғасыр» театрының актерлары көрермендерге «Тағдыр тақтасы» атты қойылым ұсынды. Асанәлі ағамыздың ғұмырнамасына негізделген шығарма Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының кіші сахнасында қойылды.



Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Шахматтың тақтасында уақыт желі үйіріп әкеткен тұлғалар, театр тарландары: Шәкен Айманов, Нұрмұхан Жантөрин, Хадиша Бөкеева, Әзірбайжан Мәмбетов, Асқар Токпанов, Әнуар Молдабеков, Ыдырыс Ноғайбаев, Сәбира Майқанова, Бикен Римова, Фарида Шәріпова бейнелері, Асанәлінің анасы мен жары Майра Айманова, қос ұлы Сағи мен Мәди суреттері де талай көрерменнің көңіліндегі сағыныш қылын шерткендей. Архивте сақталған Майра Айманованың өз дауысын шырқатып, көлеңкелі театр әдісімен қимыл-қозғалысын келтірген актрисаның ойыны – қоюшы-режиссер Жұлдызбек Жұманбайдың сәтті шешімі деуге болады.

– Шығарманың «Тағдыр тақта-

сы» деп аталу себебі, ол кісі өзі өмірде шахмат ойынын жақсы көреді. Қашан барсаң да алдында шахматы тұрады. Сол шахматына қарап, келген кісілермен шахмат ойнап отырады. Сосын сахнаның безендірілуі жағынан осындай бір шешім қабылдадық. Бұл өмір сол шахмат тақтасында өтіп жатқандай. 20 ұл-қыз жас актерлармен бірігіп, барлығы 20 адам сахнада жүреді, – дейді қойылымның режиссері Жұлдызбек Жұманбай.

Жас шағынан көпшіліктің көзіне түсіп, кино мен театрда көптеген рөлді сомдаған актердің өмірі, тағдыры – халықтың көз алдында. Ал оның жеке адами қуанышы мен қайғысы, шаттығы мен наласы – өзіне ғана белгілі. Оның өмірінің әр кезеңіне куәгер – Көңіл мен Уақыт. Алып-ұшып, махаббатын тапқан оның бақытына Көңілі куә. Қиын сәттерде оның жан-жарасын ем-

дейтін – Уақыт... Кейіпкердің тағдыр тақтасы – маңдайының шимайы. Маңдайдың шимайы – өмірдің жолы. Шахматтың тақтасындай сол жолға қайыра сөз салсақ, ақ-қара жолақты тақтадан небір қимас күндерді, жандарды қайыра кезіктіресің. Кейіпкер Асанәлінің тағдыр тақтасы – өмір жолында кездескен ғажап адамдар – шешесі, жары, балалары, әріптес-достары...

Көрермендер арасында қойылымды Асанәлі Әшімов пен жары Бағдат және өзге де замандастары отырып тамашалады. Сахна төрі шахмат тақтасымен безендіріліп, онда әр фигура орнында Ас-ағаның замандастары болған театр саңлақтарының бейнесі тұрды. Режиссердің бұл шешімі көрерменге ерекше әсер етті. Себебі, сол сахна саңлақтары жас актерлармен бірге ойнап жүргендей әсер қалдырды.

Қойылым соңынан шығарма авторы Бақыт Беделханұлы Ас-ағаны сахна төріне шақырып, құрмет көрсетті. Өз кезегінде сахна тарлаңы осы қойылымды сахналаған ұжым мүшелеріне өз ризашылығын білдірді.

– Әріптестеріме ризамын. Қадыр ақын: «Ақынды сыйлаңыздар тірісінде», – дейді ғой. Өнер адамын да тірісінде сыйлап жатқан әріптестерімнің, шәкірттерімнің көңіліне рахмет! Өзім де әріптестеріме: «Бір-бірінді тірі жүрген кездерінде сыйлаңдар, жақсы сөз айтыңдар», – деумен келемін. Өсер елдің баласы осындай мінезді ұстанады. Драманың авторына, режиссеріне, рөлдерді сомдаған жастарға ерекше алғысымды білдіргім келеді, көп нәрсені ескерген екен. Мен де бұл қойылымды сіздер секілді осы қазір тамашаладым. Дайындықтарына қатысым келіп еді, «Аға, сізге деген тосын сыйымыз болсын» деп мені қуантты, – деді Асанәлі Әшімов.

Қойылымды көріп отырып, Асекеңнің бүкіл өмірі мен жазған күнделіктері көз алдымыздан өткендей болды. Спектакль шахмат тақтасымен басталып, соңында Асекең қарсыласына мат қойғаны көзі қарақты көрерменге көп дүниені аңғартады.

БАЙҚАУ

Қалалық Мәдениет басқармасының қолдауымен Алматыда «Мен қазақтың қызымын, салтын сүйген» атты бұрымды қыздар байқауы өтті. Аталмыш байқауға қаламыздағы жоғары оқу орындарында оқитын 36 ару қатысты.

«МЕН ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЗЫМЫН, САЛТЫН СҮЙГЕН!»



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Рая ЕСКЕНДІР

Бұрымды қыздар арасында өткізіліп отырған бұл байқау «Қыздың сәні қос бұрымы», «Мен қазақтың қызымын, салтын сүйген» және «Қыздарға қатысты мақал-мәтелдер» атты үш кезеңді қамтыды. Ұлтының озық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын тұмар еткен арулар байқаудың барлық шартын орындап, тапқырлықтарын танытты. Осынау байқауға арнайы қонақ ретінде қатысқан 87 жастағы Ұлжан әжейдің шашы екі метрден асады.

– Уақыт өткен сайын шашым да тым жұқарып барады. Дегенмен, күтім керек қой. Оны жуып, тарап, қайтадан өру үшін жарты күнім кетеді, – деген әжейге кезінде анасы «қыздың бақыты бұрымында» деп шашын қыркуға тыйым салса керек. Осылайша анасының сөзін әлі күнге жерге тастамай келе жатқанын есіне алды. Ал байқаудың

ұйымдастырушысы Рабиға Қалдыбайқызының айтуынша, бұл жәй ғана байқау болып қалмай, өзге оқу орындарында да жалғасын табуға тиіс.

– Қазіргі кезде қыздарымыз шашын жайып жүреді. Оның не керегі бар? Қайта одан шашың жұқарып, тез түсіп қалмай ма? Сосын басың да ауыратын болады. Қыздар шашын жинаса, жігіттер есін жинайды дегім келеді, – деді байырғы ұстаз.

Байқаудың бірінші орнына (150 000 теңге) шашының ұзындығы 117 см болған болашақ дәрігер, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың студенті Диларя Еслямбек ие болды. Екінші орынды – 100 000 теңгені ҚазҰУ-дың студенті, шашының ұзындығы 114 см болған Лаура Сандыбаева, үшінші орынды (75 000 теңге) шашының ұзындығы 113 см болған Қыз ПУ-дың студенті Мәлика Молдажанова жеңіп алды.

Барлық қатысушыларға арнайы Алғыс хаттар мен естелік бұйымдар тарту етілді.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ

Бүгінде бейнелеу өнерінде үлкен танымалдылыққа ие болып келе жатқан бағыттар жетерлік. Оның бірі – этно-модернизм. Осы салада жұмыс істейтін жандардың қатарына – Айгерім Кәрібаеваны жатқызуға болады.

Оның қылқаламы халық пен тіршілікке толы қаланың өмірін де, тыныштық тұнған тамаша табиғаты да еркін бейнелей алады. Сонымен қатар, жыл мезгілдерін суреттеген кезде де, оның әрқайсына тән көңіл күйді шебер жеткізе біледі. «Мен әрбір жобама жан-тәніммен берілемін. Әрбір еңбегімді ерекше жасауға тырысамын. Сондай-ақ, оларды үнемі әлеуметтік желілерге жүктеп отырамын. Бүгінгі таңда дизайн саласында белгілі бір дәрежеге жету үшін өзімді дамытуға күш салып келе жатқан жайым бар», – дейді суретші.

Айгерім иллюстрацияларды графикалық планшетпен салады. Easy Paint Tool Sai бағдарламасын қолданады. Оның жұмыстарына сүйсіне қарайсың, эстетикалық талғамы жоғары. Тек таңдаулы бірнеше түсті ғана туындыларында пайдаланады екен. «Осы кәсіпті іс жүзінде меңгеру үшін бірнеше жыл графикалық-дизайнер болып бастадым, түрлі жобаларды әзірледім,

СУРЕТТІ СӨЙЛЕТКЕН ҚЫЛҚАЛАМ ШЕБЕРІ



үлкен тапсырыстар ала бастадым. Жалпы, өз басым брендбук, логотип әзірлеудің, компаниялар мен ішкі корпоративтік қызметтің қырсырын жақсы білемін. Бірақ бұнымен шектелуге болмады, өйткені мен бұл салада кеңінен танылғым келді», – дейді Айгерім Кәрібаева.

Қылқалам иесі сурет салу арқылы адамның талабын терен түсінуге талпынған әрі мәселелерді ұтымды шешуге тырысқан. Бір айта кетерлігі, бұл адамды креативті жағынан ойлауға бағыттайды және шығармашылықты одан сайын дамытады. Нәтижесінде өмірін өнермен байланыстырған

адам кез келген тақырыпқа қатысты сұрақты төтесінен қоймай, керісінше адамның эмоциясына, көңіл күйіне қызығушылығын тудыруға сеп болады. «Мен үшін ең үлкен мотиватор ең әуелі өзім. Алға көптеген максаттар қойып, соған жету жолында нақты міндеттерді де жазамын. Мақсатын айқын болса, армандар орындалады емес пе? Мен өзім осы принципті ұстанамын. Сондай-ақ, күнделікті өмірде менің отбасым, бала-шағам да мотиватор екенін айта кету қажет. Тағы бір айта кетерлігі, анам да менің мотиваторым болды. Оның айтқан әрбір сөзі мен үшін

өте маңызды. Бастысы, ол мені үнемі қолдайды әрі маған сенім білдіреді», – дейді суретші. Оған қоса, өнер иесін өз ұлтының тарихы, мәдениеті де шабыттандырған. Күнделікті тұрмысқа және интерьерге керекті дүниелерде қазақтың ою-өрнектерінің болуы Айгерім Кәрібаева үшін шексіз әдемілік болып саналады. Мұндай көздің жауын алатын әрі тарихымызды әспеттейтін ұлттық нақыштағы заттар отандастарымызбен қоса шетелдіктердің де назарын аударатыны сөзсіз. «Менің миссиям-өз мәдениетімізді шығармашылық арқылы насихаттау, ұлттық нақыш-

тағы осындай арт-тауарларды баршаға қолжетімді ету. Оларды үйлердің интерьерінен, күндегі өмірден, кеңселерден, киімдерден көргім келеді. Өйткені, біз киімдерден бастап, телефон қаптамалары, орамалдар, шоперлер, әдемі түйреуіштер және сол сияқты т.б. бұйымдарға дейін жасаймыз», – дейді Айгерім Кәрібаева.

Еліміздің бай тарихы мен көшпелілердің мәдени мұрасы өмірін өнерге арнаған біздің кейіпкеріміз үшін үлкен шабытқа айналғанын байқауға болады. Бүгінде оның жүзден аса суреттерінен ежелгі уақыттан бүгінгі заманға дейінгі тұстағы халқымыздың күнделікті өмірін және қазіргі сәндегі түстермен боялған жұмыстарын көруге болады.

Бүгінде оның туындыларын қазақстандықтармен қоса, әлемнің 50 елінің азаматтары да тамашалап, таңдай қағады. Өз шығармашылығы арқылы қазақтың мәдениетін әлемге дәріптеп жүрген қылқалам шебері картиналарын Еуропа, АҚШ, Азия және тағы басқа алыс-жақын елдерге жөнелткен екен.

Картинасы арқылы көңілі құлазыған жанды өмірге ғашық қылатын, түрлі жағдаяттарды түсінбегенде сұрағына жауап, жұмбағына шешім бола алатын, сұлулықты көзбен сезінуге мүмкіндік беретін қылқалам шеберін жай ғана суретші деу аздық ететін болар.

Ақтолқын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



Ерболат ДОСАЕВ:

БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ НАҚТЫ ШЕШІМДЕР

Тұрғындардың лайықты өмір сүруі үшін

(Басы 1-2-3-беттерде)

«Алматылықтарды алаңдатқан барлық мәселе бойынша нақты шешімдер қабылданады және қала тұрғындарының лайықты өмір сүруі үшін қолайлы жағдай жасау – басты басымдығымыз», – деді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бостандық ауданы тұрғындарымен кездесуінде.

АЛМАТЫ АБАТТАНА БЕРЕДІ

Жүздесуде ең көп көтерілген мәселе – ауданды **абаттандыру мәселесі**. Сондай-ақ, ПИК-тен МИБ-ке көшу процесі бойынша, жарықтандыру мен жол сапасына қатысты сауалдар да аз болған жоқ. Тұрғындарды толғандырған сұрақтарға олардың күрделілігі мен маңызына, салалық бағдарына қарай шаһар басшысы, қала әкімінің орынбасарлары, аудан әкімі, енді бірде тиісті басқармалар жетекшілері жауап беріп, нақты шешімдер қабылданды.

СҰРАҚ: – Аулааралық аумақты бұрын ПИК тазалаған, қазір олардың орнына МИБ келді. Аумақты кім тазалауы керек?

Е.ДОСАЕВ: – МИБ пен ПИК шешімін таппай келе жатқан күрделі мәселе. Реформа жүргізу кезінде олқылықтар орын алған. Уәкілетті орган ретінде біз Индустрия министрлігімен келіссөз жүргіздік және қазір бұл мәселені шешіп жатырмыз. Мүмкін, біз бұл қызметті жергілікті бюджетке уақытша алатын шығармыз. Ал кейін не істейтінімізді қарастыра жатармыз. Меншік иесін анықтау үшін заңға түзетулер енгіземіз.

СҰРАҚ: – Біз Биокмбинатская көшесінің тұрғындарымыз. Көшеміздің жағдайы сын көтермейді, жыл сайын жыртығын жамап қана қояды. Одан жолымыз жөнделді деуге келмейді, сондықтан біз жолды толыққанды жөндеуден өткізуді өтініп сұраймыз. Ал Сізге жана жұмысыңызда сәттілік тілеймін!

ЖАУАП: – Биокмбинатская көшесінде ұзақ уақыт бойы шұңқырларды жөндеу жұмыстары жүргізілгені рас. Ағымдағы жылы Абай даңғылынан Сәтбаев даңғылына дейінгі учаскедегі бұл көше орташа жөндеу жоспарына енгізілді, жұмыстар 1 қыркүйекке дейін жүргізілетін болады, – деп жауап берді Алматы қаласы Қалалық мобилділік басқармасының бастығы.

Сұрақ-жауап барысында аудан аумағындағы иесіз, бос жатқан аралық жер-

лерді **абаттандыруға кім жауап беретіні** жайлы сауалдар да қойылды.

СҰРАҚ: – «Әуезов, 129» мекенжайы бойынша орналасқан тұрғын үй ауласында үш жыл бұрын жөндеу жұмыстары жүргізілді, алайда 320 шаршы метрді құрайтын тұрақ жөнделмей қалды. Осы мәселені шешіп бере аласыз ба?

ЖАУАП: – Біз міндетті түрде сол мекенжай бойынша тексеру жұмыстарын жүргіземіз. Кейде кейбір учаскелер иесіз болуы мүмкін. Қазіргі таңда сондай жерлерді тіркеумен айналысып жатырмыз. Маусымға дейін мәселені шешеміз.

Кездесуге келген журналист Серікжан Мәулетбай Үлкен Алматы өзені бойында, Торайғыров көшесінен төмен жарық жоқтығын айтып, мәселенің қашан шешілетінін сұрады.

Е.ДОСАЕВ: Жарықтандыруды «Алматыжарық» орнатады, біз өткен жылы онда жарық жүргізе алмадық, өйткені кабельдер мен жабдықтарды жеткізу кешіктірілді. Биыл 1 шілдеге дейін бәрін орнатамыз.

Жауапсыз құрылыс компаниялары жайлы Байтұрсынов, 179 мекенжайы бойынша орналасқан «Форум резидентс» тұрғын үйінің меншік иелері бірлестігінің өкілі Бисенова Сәуле хабарлады:

– Біздің тұрғын үй кешені 2021 жылы техникалық қауіпсіздік, жалпы құрылыстағы олқылықтармен пайдалануға берілді. Бұл кешенді басқарушы компания «Лукум сервис» қабылдады, олар актіге қол қойды, бірақ бүгінгі күні үй үлкен кемшіліктермен

тапсырылды және жобаға сәйкес келмеді. Бұл кешен 6–9 қабатты үйлер ретінде есептелген, бірақ 10 қабатты болып салынған. Лифтіде де проблемалар бар, әр блокта бір жүк лифтісі бар. РАСМ біздің пікірлерімізге жауап бермейді, біз 70-тен астам хат жаздық. Екінші мәселе, қоқысқа қатысты. Қоқыс алаңын көшіру керек.

Е.ДОСАЕВ: – Мен лифт шаруашылығы мен қоқыс алаңының проблемаларын бірден түсіндім. Бірден ескерткім келеді, бұл жеке үй. Қалада лифтілері 10–15 жылдан астам жұмыс істейтін тұрғын үйлер жетіп жатыр, біз олармен бірінші кезекте айналысатын боламыз. Мен RAMS өкілдеріне тұрғын үйдің мәселесін шешуді тапсырамын.

Светлана Дружинина есімді алматылық жылыту маусымында суды жылыту жолдарына тоқталды:

– Жылыту маусымында судың болмауы мәселесін біз 2020 жылдан бастап көтердік. Жылу желілері мамандарының пікірін ескеруіңізді сұраймын, олар бірінші шешім – үйлердегі электр қуатын қосымша қолдану арқылы суды жылыта түсу немесе ашық жүйені жабық жүйеге ауыстыру керек дейді. Алайда, басқа да шешім бар ғой – Алматы жылу станциялары арқылы суға көбірек температура беруге болады, бірақ жылу желілерінің өкілдері бұл шараларды қабылдаудан бас тарттады. Энергия тиімділігі басқармасынан барлық құжаттаманы дайындауды сұраймын. Бізде хат алмасу бар, жұмыс тобы құрылды және 20-сы күні біз жеке

қабылдауға келеміз. Тағы бір сауалым жергілікті аумақты тазартуға байланысты. Сәулет қызметі туралы заңның 49.1-бабы бойынша, меншік иесі – мемлекет. Жерді әкімдіктер жинауы тиіс.

Е.ДОСАЕВ: Жылу желілері бойынша айта кетейін, желілер талапқа сай болсын десек, онда тарифтерді көтерейік. Егер жазда жылу желілері олардың тозуын ескере отырып, бағаны ұстап тұрса, онда қыста біз қаланың әртүрлі аудандарында кедергілерге ұшыраймыз. Біздің ЖЭО-ға, әрине, сіздің талаптарыңыз бойынша қосымша жұмыс беруге болады, алайда оған қаражат қажет болады. Егер қаласаңыз, жеке қабылдауға келіп, есептеулеріңізді көрсетіңіз.


ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ҚОЛЖЕТІМДІ МЕ?

Халықпен кездесу барысында көлік инфрақұрылымына байланысты сұрақтар салыстырмалы түрде аз болғанымен, қала әкімі бұл мәселе – аталмыш ауданда басымдық берілетін проблема екенін атап өтті.

Жанбота есімді алматылық BRT арқасында тұрып жатқан ауласы көшеге айналып кеткеніне шағым түсіріп, осы мәселені шешу жолын сұрады.

Е.ДОСАЕВ: – Мұстафин көшесі бойында BRT салынғалы бері онда көлік кептелісі туындағаны жайлы хабардармын. Көлік кептелісті аула арқылы айналып өтетін болған. Бұл мәселенің екі шешімі бар. Біріншісі, егер тұрғындардың

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.





БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНАДЫ

қолайлы жағдай жасалады

3/2 бөлігі келісім берсе, ол жерге тоспа қоюға болады. Екіншісі, Жол полициясы департаментіне тапсырып, қажетті жол белгілерін, жылдамдық бәсеңдеткішін орнаттырамыз.

СҰРАҚ: – Мен қоғамдық көлік мәселесін көтергім келеді. Гагариндегі саябақта көптеген ТК салынууда, сондай-ақ Розыбакиев көшесіндегі «Мега» маңында, Розыбакиев – Жандосовтан төмен қарай жаңа RAMS ТК салынбақ, бұл ең үлкен ТК болады. Қазірдің өзінде бұл көшелерде көлік кептелісі таңертеңнен кешке дейін басылмайды. Әкімдік тарапынан құрылыс салушыларды қоғамдық көлік қолжетімділігін алдын ала ойластыруды міндеттеу немесе әл-Фараби даңғылы, Жандосов көшелері бойымен автобус желісін жасау дұрыс шешім болар, – деді Дәулет есімді тұрғын.

Е.ДОСАЕВ: Кез келген құрылыс қоғамдық көлік қолжетімділігін қарастырудан басталады. Мәселе мынада, біз болашақта кешенді, токсандық және басқа да құрылыстарды қарастыруымыз үшін сол жерде тұратын адамдар саны, маршруттар, аялдамалар саны және т.б. мәселелерді ескеретіндей қаланың көлік инфрақұрылымын дамыту жоспарын дайындаймыз, оның ішінде жинақталған мәселелерді шешуге тырысамыз. Көптеген жерлерде, екіншіше қарай, жоғарыда айтылғанның бірі де жоқ. Адамдар ешқандай ережесіз, талаптарсыз бос жерлерге көшіріле берген. Әрине, бәрі үй, баспана алғысы келді. Біз бұл мәселені шешуге тырысамыз, жақын арада көлік құралдарына түсетін жүктемені бірден ескеру үшін бірыңғай талаптар болады. Шындығында, бізде автобустар жетіспейді, бізде барлығы 1141 автобус бар, олардың 217-сін есептен шығару керек. Бұл мәселеге басымдық береміз.

ШЕШІМІ БАР!

Келесі бір келелі мәселе нағыз бір дилеммаға айналды. Бір жағынан көпқабатты үйлердің көптеп салынуына қарсы жұртшылық шағымы болса, екінші жағынан соның кесірінен үйлері соңына дейін салынбай қалған жұртшылықтың жанайқайы.

СҰРАҚ: – «Комфорт» және «Гагарин» үйлерінің арасында Sensata Group компаниясы үй салмақшы. Бостандық ауданы тығыз болып кетті. Сіздерден үй салмауды сұраймыз.

Е.ДОСАЕВ: Компаниямен сөйлестік. Шешімі бар. Ол жерде емхана салынады.

СҰРАҚ: – Менің сұрағым бүгінгі күні құрылысы тоқтатылған «Абай 130» ТК 4-ші кезегіне қатысты. Біз бұл нысанға 2021 жылы инвестиция салдық, құрылыс сапасына толығымен қанағаттанамыз, бірақ 10–12 белсендінің бастамасы мен шағымдарының, баспасөзді тарту арқылы мәселе



көтеруі себебінен нысан тоқтап қалды. Құрылысты жандандыруды сұраймыз.

Е.ДОСАЕВ: – Біз әрқашан дилемма алдында тұрамыз. Бір жағынан, осы мәселелер, екінші жағынан, сатып алушылар мен үлескерлер ақша салды. Екі жақты да қанағаттандыратын ортақ бір шешімге келеміз деген ойдамыз. «Абай 130» мәселесі – бірінші кезектегі проблемалар тізімінде тұр. Осы жағдайды Сіздермен ақылдасып, бірлесе шешейік.

Көпқабатты үйлердің осыған дейін ешқандай талаптарға бағынбай салынуынан қазір әлеуметтік нысандар жетіспеушілігі байқалады.

СҰРАҚ: – Мен № 2 автобус паркінің жанында тұрамын. В1-group тұрғын үй кешенін салуда, бірақ жанында бірде-бір мектеп пен емхана жоқ. Біз ашық хат жаздық, бірақ осы күнге дейін бұл мәселе шешілген жоқ, деп – шағымданды Қанат Тастанов.

ЖАУАП: – Біз В1-group автобус паркінің бұрынғы орнында ТК салуды жоспарлап отырған жердегі тұрғындармен кездестік. Жоба бойынша 6 гектар жерге мектеп қарастырылған. Сондай-ақ, біз олардан талап ететін жоба бойынша онда медпункт пен балабақша салу жоспарлануда, – деп жауап берді қала әкімінің орынбасары Мұхит Әзірбаев.

Өз кезегінде әкім жобаны пысықтаған кезде бастамашыл топпен кездесіп, жобаны талқылап, шешім қабылданады деп уәде берді.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА ҚАЛЫС ҚАЛМАДЫ

Кездесу барысында әлеуметтік мәселелерге қатысты сұрақтар да аз болмады. Сауалдардың басым көпшілігі балабақшалардағы орын тапшылығы, тегін үйірме-

лердің аздығы мен азық-түлік мәселесіне арналды.

СҰРАҚ: – Мен баланы үйдің жанындағы балабақшаға бергім келеді, бірақ барлық балабақшаларда орын жоқ. Айтыңызшы, біздің ауданда жаңа балабақшалар ашыла ма?

Е.ДОСАЕВ: – Біз екі балабақша салуды жоспарлап отырмыз.

СҰРАҚ: – Мен көпбалалы анамын. Балаларды үйірмелер мен секцияларға тегін бергім келді. Бар сайттарға өтініш бердім, бірақ менің өтінімдерім қабылданады, себебін айтып өтсеңіз?

Е.ДОСАЕВ: – О баста бұл мәселе жан басына шаққандағы қаржыландыру мәселесіне қатысты деп айтқанмын. Спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелер үшін ваучер жетіспейді. Қазір 44 мың бала қосымша үйірмелерге қатыса алды, бірақ келіп түскен өтініштер саны 98 мыңға жуық. Екі есе көп, біз қажетті қаражат табу жолдарын қарастырамыз. Сондықтан әзірге сайт өтініштерге оң жауап бермейді, бірақ бәріңіз кезекке тіркелгенсіздер. Келесі бюджеттік нақтылау 20 маусымда болады. Осы уақытқа дейін біз қосымша ақша бөлеміз.

СҰРАҚ: – Әкімдік азық-түлік бағаларына мониторинг жүргізіп жатыр ма? Менің қызметкерлерім айына 60 мыңнан алады, бұл қаражат оларға тамаққа да жетпейді. Азық-түлік бағасын төмендетудің арнайы бағдарламасы бар ма? – деді алматылық Айман.

Е.ДОСАЕВ: – Украинадағы оқиғалар бізге теріс әсер етті. Бірден айтайын, елімізде қант өндірілмейді, барлығы импортталады. Дүкенде бағасы 440 теңге шамасында. Біз наурыз айынан бастап Бәсекелестікті қорғау және дамыту департаментімен бірге қант жеткізу бойынша

келісім жасау үшін барын салудамыз. Жұмысты сәуір айының соңына дейін аяқтаймыз деп үміттенеміз. Халық арасында тұрған дүрлігудің салдарынан бір тәулік ішінде 1 тонна қант сатылды. Сондықтан тергеу қорытындысы бойынша бағаны реттеуге тырысамыз. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар өнімдер бойынша жеке бағдарлама жасадық. Біз арзандатылған тауарларды Магнум, Смолл, Тоймарт сияқты ірі желілерге орналастырдық, олар бағаны бақылап, төмендетіп, тұрақтандырады, – деп жауап берді әкім.

СҰРАҚ: – Алматыда Жеңіс күніне орай ардагерлерді қолдау қалай жоспарлануда?

Е.ДОСАЕВ: – Биыл біз әдеттегідей Жеңіс күнін тойлаймыз. Бізде коронавируска қатысты шектеулер жоқ. Әр ардагерге көңіл бөлеміз. Әкімдік тарапынан әрбір соғыс ардагеріне 1 млн теңгеден бөлеміз. Сондай-ақ, соғыс ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне блокадалар бойынша ақшалай қолдау қарастырылған.

СҰРАҚ: – Мен көпбалалы анамын, төрт балам бар. Біз жалға алынған пәтерде тұрамыз. Мемлекеттен қандай да бір көмек бар ма?

Е.ДОСАЕВ: Көпбалалы аналар үшін мемлекеттік бағдарламалар бар. Біз бастапқы жарнаға көмектесе аламыз, субсидиялар бағдарламасы бойынша бастапқы жарнаға 1,5 млн теңге беріледі. Одан бөлек, «Отбасы банкпен» тікелей жұмыс істейміз, егер қаласаңыз, біз көмектесеміз. Жаңа аймақтардың мәселесі көп

СҰРАҚ: – «Южный» саябағының аумағы жекеменшік қолына берілді. Біз оны қайтару мәселесін бірнеше рет көтердік, бірақ бұл мәселе шешілмеген күйінде қалып отыр.

Е.ДОСАЕВ: – Аумақты мемлекет меншігіне қайтару туралы шешім қабылданды, бүгінде меншік иесімен келіссөздер жүріп жатыр. Көп ұзамай, біз біртұтас саябақ жасаймыз, біраз күте тұрыңыздар.

СҰРАҚ: – Қарасай ауданынан бөлінген елдімекен 2014 жылдан бері қалаға қарайды. Бізге қашан қалалық атау беріліп, аудандарға бөлінеді? Сонымен қатар, құжаттарымыз жекеменшік тұрғын үй құрылысына қашан аударылады?

Е.ДОСАЕВ: – Жаңа аудандарға байланысты мәселе көп. Жұмыс жүргізіліп жатыр. «Энергетик» шағынауданына келер болсақ, Бостандық ауданында 35 бау-бақша серіктестігі бар. Жетеуі осы жылдың соңына дейін ЖТҚ-ға аударылады. Солардың ішінде «Энергетик» шағынауданы да бар.

СҰРАҚ: – Мен ШОБ өкілімін. Қаңтардағы оқиғалардан кейін менің сауда нысандарымның бір бөлігі тонауға ұшырады, бірақ мемлекеттік бағдарламалар барысында барлық шығындар толықтай өтелді. Әлі де ШОБ-ты қолдаудың қосымша бағдарламалары қарастырылуда ма?

Е.ДОСАЕВ: – Осы жылы бізде тағы бір бағдарлама қарастырылған, ол – зардап шеккен кәсіпкерлер үшін 10 млн теңгеге дейінгі несие өнімдерін беру. Мөлшерлемесі – 2%.

Дайындағандар
Нұржамал ӘЛІШЕВА,
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Динара МҰРАТҚЫЗЫ.

2022 ЖЫЛҒА ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ЖОСПАРЛАРЫ

7000-нан астам жаңа жұмыс орны құрылады (қала бойынша – **52200**)

Жұмыспен қамту орталығы арқылы **2730** адам жұмыспен қамтылады

жеке бастамалар есебінен **4413** жұмыс орны құрылады

АЛМАТЫ – ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

Бостандық ауданында **12** жоғары оқу орны, **20** колледж бар

Онда **68 мың студент** білім алады, бұл қала студенттерінің жалпы санының **25%-ын** құрайды

Студент жастарды қолдау

2022 ЖЫЛЫ ЖЕРГІЛІК БЮДЖЕТТЕН ҚОСЫМША ҚАРЖЫ БӨЛУ АРҚЫЛЫ ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ БОЙЫНША ЖАЛАҚЫ КӨЛЕМІ **30-ДАН 40** АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШКЕ, ДЕЙІН КӨБЕЙТІЛДІ – **122,5 МЫҢ ТЕҢГЕНІ** ҚҰРАЙДЫ.



ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

МЕМЛЕКЕТТІК
АППАРАТ ҚЫЗМЕТІ
бюрократиядан арылады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту шаралары туралы» Жарлыққа қол қойды. Бюрократиядан арылтудың негізгі қағидаттары форма мәнінің басымдығын, бастапқы қалпы бойынша цифрландыруды, басқарушылық жауапкершілікті, үздіксіз жетілдіруді, регламенттеудің оңтайлылығын айқындайды.

Жарлықта жүйелі және қолданбалы шаралар кешені қарастырылған. Бұл шаралардың жүзеге асырылуы:

- мемлекеттік аппаратта шешімдердің қабылдануын жылдамдатады;
- мемлекеттік органдардағы бірінші басшылардың дербестігі мен жеке жауапкершілігін арттырады;
- құжат айналымы мен есеп берушілікті қысқартады.

Атап айтқанда, жүктелген міндеттерді жылдам жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдарға нормативтік құқықтық актілерді өздерінің функцияларын заңнамалық деңгейде нақтылап жатпай-ақ қабылдауға құқық беріледі.

Кешенді реинжиниринг негізінде норма шығару және бюджет үдерістерінің мерзімдері мен кезеңдері екі есе қысқарады. Сонымен қатар:

- ведомстволық есеп беру ісін жүйелеу және автоматтандыру;
- ақпараттық жүйелерде бар мәліметтерді мемлекеттік органдардың сұратуына тыйым салынады;
- қағаз түріндегі құжаттарға бұрыштама соғу және олардың парақтарына алдын ала қол қою жойылады;
- өкілеттіктерді орта деңгейдегі басқару буынына беру;
- қашықтан жұмыс істеу үшін мемлекеттік органдардың басшыларын құралдармен қамтамасыз етіп, жағдай жасау және басқа да мәселелер қарастырылады.

Бюрократиядан арылту ісінде мемлекеттік басқарудың барлық саласын цифрлық трансформациялау және жүйелік реинжинирингтеу маңызды саналады. Бұл жұмыстардың негізгі бенефициарлары азаматтар болады. Бұдан бөлек, Жарлықта қамтылған шаралар түпкілікті нәтижеге әсер етпейтін, бірақ мемлекеттік қызметшілерді қажетсіз рәсімдер мен үдерістерден босатуға мүмкіндік береді, сондай-ақ Мемлекет басшысының саяси және экономикалық реформаларын мемлекеттік аппараттың тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз етеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

РОЗА БАҒЛАНОВА – 100

Күміс көмей әншіге
ескерткіш ашылды

(Басы 1-бетте)



Суретті түсірген Қайрат Қонысбай

Медеу ауданындағы Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы ғимаратының алдына биіктігі 4,8 метр қола ескерткіш орнатылды, филармония қабырғасында 1949–1960 жылдар аралығында Роза Бағланова өнер көрсеткен еді. Қола және граниттен жасалған ескерткіштің авторлары – мүсіншілер Д.Ағзамов, У.Ақжолтай, А.Жамхан, А.Қабыл.

Ескерткішті ашу рәсімі барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Роза Бағланованың қазақ халық музыкасы мен Қазақстан композиторларының шығармашылығын дамытуға және насихаттауға қосқан баға жетпес зор үлесін атап өтті.

«Біздің ұлы әншіміз Роза Бағлановаға ескерткіш орнату – оның мұрасын құрметтеу және есте сақтау. Ол музыка өнерінің шырқау биігіндегі жарық жұлдыз болды. Оның ерекше дауысы мен таланты біздің халқымыздың баға жетпес құндылығына айналды. Әншінің сүйікті қаласы – Алматыда 100 жылдық мерейтой аясында Роза Бағланованың есімін мәңгі есте қалдыру үшін ескерткіш орнатқанымызға шексіз қуаныштымын», – деді Ерболат Досаев.

Кеше Алматыда Роза Бағланованың 100 жылдығына орай Республика сарайында «Ақмандайлым» атты мерекелік концерт өтті. Аты аңызға айналған әншінің репертуарындағы әндерді таңымал қазақстандық әртістер орындады.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ӘКІММЕН КЕЗДЕСУДЕН НЕ ТҮЙДІҢІЗ?

Барыс
ЖАПАРОВ,
қалалық
Қоғамдық
кеңестің мүшесі:ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН
ҚАРАЙТЫНЫ ҚУАНТАДЫ

Алматыны жүйелі түрде дамыту мақсатында қала әкімі бұған дейін барлық аудандарды аралап, тұрғындармен кездескен еді. Бүгін міне, жекелеген аудандардағы алғашқы кездесуі өтіп жатыр. Залда халық көп. Тұрғындардың өздері тұратын ауданға асқан жауапкершілікпен қарайтыны қуантады. Халық өте белсенді. Қала әкімі алдымен Бостандық ауданына қатысты әлеуметтік-экономикалық көрсеткіш туралы 15 минуттық баяндама жасады. Одан кейінгі уақытының барлығында халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, шешуін күткен түйткілді мәселелер күн тәртібіне қойылды. Өлі де шешімін таппаған тұрғын үй, жер, әлеуметтік нысандар, жол салу, аулалар құрылысы, жарықтандыру, көгалдандыру мәселесі жетіп-артылады. Бұл мәселелер Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің де тұрақты бақылауында деп айтсақ болады. Сондықтан бүгінгі айтылған мәселелерді де алдыңғы уақытта жоспарымызға енгізетін боламыз.

Отеш ҚЫРҒЫЗБАЕВ,
Қазақстанның құрметті журналисі,
Бостандық ауданының тұрғыны:

ТИЯНАҚТЫ ЖАУАП АЛДЫҚ

Қала әкімінің аудан тұрғындарымен өткізген кездесу жиынының басынан аяғына дейін қатыстым. Бұл қала әкімі Ерболат Досаев пен аудан тұрғындарының алғашқы кездесуі болған соң да ел көп жиналды. Қала орталығындағы ел тығыз орналасқан, құрылымы күрделі ауданның проблемасы да шаш-етектен екені тұрғындар көтерген мәселелерден айқын аңғарылып тұрды. Қызметіне кіріскеніне көп уақыт бола қоймаған әкім үшін де үлкен сынақ еді. Өз басым, осы қалада туып-өскен Ерболат Досаевқа Алматы тұрғындарының мұң-мұқтажы бұрыннан жақсы таныстай көрініп, емін-еркін, тиянақты жауап беріп отырғанына сүйсіндім. Негізгі мәселелерді қағазға түртіп алып, күрделі мәселелерді қалай шешу керек екенін байыптап айтып берді. Аудан аймағында бей-берекет салынып жатқан көпқабатты биік үйлердің сейсмикалық қауіпті аймақта қаптап, тынысты тарылтып жатқаны, тұрғындар саны артқандықтан мектеп пен балабақшаға сұраныстың көбейгені, әлеуметтік мәселелердің шешімін таппай келе жатқаны, тұрғын үй бағасының шектен тыс өсіп отырғаны, қоғамдық көліктің жүріп-тұруын ретке келтіру, тәртіп пен реттілік мәселесін жолға қою, санитарлық тазалық, көркейту-көгалдандыру сияқты сан-салалы мәселелерді ретке келтірудің жолдары айтылып, тез арада орындалу шаралары қарастырылатыны айтылды. Кең залға қойылған төрт микрофонда ұзақ-сонар кезек күткен тұрғындардың сауалдары мен өтініштеріне тиянақты жауап қайтарылды. Әкіммен бірге келген орынбасарлары, департамент және басқарма басшылары да өздерінің қызмет саласына қатысты сауалдарға қосымша жауап беріп, толықтырып отыруы кездесу жиынының толыққанды өтуіне ықпал етті. Тұрғындар арасында қала әкімінің атқарып жатқан істеріне ризашылық сезімін білдірушілер де кезікті. Үлкен мегаполистің күрделі мәселелерін шешуде қызметіне табыс тіледі. Тек Бостандық ауданы ғана емес, қаланың өзге өңірлерінен, тіпті қала іргесіндегі ауылдардан да тұрғындар келіп, өздерін толғандырған мәселелерді көтеріп жатқанынан қала әкіміне жүктелер жауапкершіліктің салмағы ауыр екенін сезінгендей болдық.

Айдар
ШОРАБЕК,
Бостандық
ауданының
тұрғыны,
зейнеткер:МӘСЕЛЕМІЗ
ШЕШІЛЕТІН БОЛДЫ

Әкіммен кездесуге мен де ауыл-аймағымның мәселесін арқалап келген жайым бар. Қала басшысына қысқаша жағдайымызды баяндай келе: «Мен тұратын Қарасай ауданының белгілі мөлшері қалаға тиесілі. Аумақ 2014 жылдан бері қала құрамына өткен. Салық төлейміз. Біздің ауыл қашан қала статусын алып, атауы бар ықшамаудандарға айналады?» деген сауалымды қойдым. Ондағы ойым – егер біз тұратын аймақ қала статусын алса, ішкі инфрақұрылым – көлік қозғалысы, жол, су, газ, жарық, т.с.с. мәселелер шешімін табар еді, ел тұрмысы түзелер еді деген ниет. Қала билігі «Энергетик» ауылына қатысты мәселе осы жылдың соңына дейін шешіледі деп отыр. Енді оның қашан жүзеге асатыны әзірге белгісіз. Біз «үрлей салып, көзін қайсы?» деуден аулақпыз. Себебі, мұндай жұмыстар бір күнде орындалмайды. Ең бастысы, мәселеміз шешілетін болды. Соған разымыз.

Әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Киімін емес, ісін бағалайық...



Кейінгі кезде Президенттің тағайындауымен жаңа құрамда қызметке келген билік өкілдерінің іскерлігін емес, киген киімінің бағасын сөз ету үрдіс алып бара жатқан сияқты. Оның бәрінің атын атап, түсін түстеп жататын болсақ, ұзын-сонар тізімнің ұшына да жете алмауымыз мүмкін.

Сондай тізімнің ішінде кейбір әкімнің киген курткасы мен шеуніктердің қолындағы сағаты ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде, кейбір телеарналарда айтылып жүрді. Онсыз да билікке өкпесі жоқ емес халықтың назарын осындай тақырыпқа аударып, билікке деген сенімсіздікті одан сайын ушықтыра беру ме сонда мақсат? Ұрлығын, жемқорлығын көзіңмен көріп, қолыңмен ұста-

ғандай шыжғырып, үстіне ілген киімі мен қолындағы сағатының қайдан алынғанын, бағасының пәлен мың доллар немесе пәлен миллион теңге тұратынын жіктеп, жіліктеп беру – «менде неге жоқ» деген көреалмаушылықтың жегі құрты ма?

Осы азаматтардың бұған дейін де талай жауапты, соған сай еңбек-ақысы да жоғары лауазымды қызметтер атқарғанын білеміз. Сонша

жылы қызметте жүргенде бір қымбат куртка, сағат сатып алуға және киінуге жағдайы жететін шығар. Ел алдында жүрген соң ұқыпты киініп, жақсы көрінсе, несі айып?!

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев осынау сын шақта жедел іс-әрекеттер жасап, халықтың әл-ауқатын жақсарту жолында тың қадамдарға барып жатыр. Мемлекет басшысы көп кадрдың ішінен сенім артқан азаматтарымызға біз де сенім артып, қолдау көрсетіп, оларды үстіне киген қымбат киімімен, қолына таққан сағатымен емес, жасап жатқан, алда да жасайтын істерімен бағалағанымыз дұрыс шығар дегім келеді.

Мәди БАЙДӘУЛЕТОВ,
экономика ғылымының кандидаты.

БІЛІМ



ҰСТАЗДЫҚ – ҰЛЫ ІС



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім – мектептің жүрегі» деп баға беріпті. Алаш қайраткерінің берген бағасынан артық баға бола қоймас.

Бүгінгінің оқушысы бәрінен зерек. Былай қарап отырғанда, тым көбірек білетін сияқты. Бұл технологияны жетік игере білетіндіктеріне қарата айтылған сөз. Сол қолында смартфон, айфон, айпатты ұршықша иіреді. Ал ғаламтордағы әртүрлі ойын-сауықтық видео мен қосымшаларды үш жасар бала өзі қосып, өзі ауыстыра алатын халде. Тіпті парадокс?!

Әлқисса. Қазіргі заман – ақпараттық технологияның кезі. Мұнда өзін көрсетіп, алға ұдайы ұмтылып отырған абзалырақ. Әйтпесе, әпсәтте шаң жұтып қалуыңыз ғажап емес. Сондықтан да шәкірт тәрбиелеп отырған мұғалімдерге барынша заманауи болған ләзім. Онсыз нан тауып, күн көру, алға шығу,

өзін таныту әрі барғанда дәлелдеу қиын сияқты. Иә, көптің қатарында жүре беруге болады. Бірақ одан ештеңе өнбесін уақыттың өзі-ақ дәлелдеп тұр.

Замана. Соңғы уақыттары мектеп мұғалімдерінің жалақысы артты. Оларға материалдық қолдау жағы күшейіп жатыр. Мәртебесі қалыпқа келуде. Сонымен қатар, жоғары оқу орнының оқытушыларының айлығы да бұрынғыдан едеуір көбейді. Осының бәрі ғылым мен білім саласында іс атқарып жүрген азаматтардың абыройының үстемдігін көрсетеді.

XX ғасырдағы Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ахмет Байтұрсын, Мағжан Жұмабаевтар барлығы ғылым, білім, өнермен шұғылданған. Алаш алыптары шәкірт тәрбиелеп, баланың зейінін ашуды қолға алған. Ұлы Ыбырай Алтынсарин Торғайда мектеп ашып, «Кел, балалар, оқылық!» деп қазақ балаларына үндеу тастаған.

ТҮЙІН: Айтарымыз – игі жолға бет бұрған жас мұғалімдер тұтас ұлтты тәрбиелеп отырғандығын ұмытпаса екен!

САУАЛНАМА



Жаңа ғасыр жастары техникаға бейім дегенімізбен, олар кітапты мүлдем оқымайды деп айта алмаймыз. Сабақтан бөлек уақытта арнайы кітап дүкендеріне барып, жанына жақын, оқырлық кітап іздеп жүрген қыз-жігіттер бүгінде аз емес.

Жастар қандай кітап оқиды?



Қырмызы СКЕНДИРОВА,
студент:

– Жастар арасында трендке айналған мотивациялық кітаптарға қарағанда, маған әдеби және тарихи туындылар ұнайды. Себебі, олардан мен неше түрлі қызық фактілер мен көп жерде айтыла бермейтін идеяларды оқып білемін. Мотивациялық кітаптар идеялық, құрылымдық жағынан бәрі ұқсас келеді. Ондай кітаптардан жаңашылдық табу қиын. Ал әдеби шығарма ойдан жазылды десек те, автор бәрібір оны өмір шындығына негіздейді. Қоғамдағы өзекті мәселелерді әдеби тілде айқындап, оқырманға ой салады. Ал тарихи туындылардың орны тіпті бөлек. Көпшілік әлеуметтік желі арқылы барлық қажетті ақпаратты алып жатырмыз деп ойлайды. Бірақ кітап оқыған сайын айтылған пікірдің қате екеніне көзім жетуде. Себебі, бұл білім қобдишаларында біз білмейтін қаншама құпия жасырылған, ғасырлар бойы пісіп-жетілген қаншама ойлар айтылған. Оның бәрі дәл сол күйде әлеуметтік желіге шыға бермейді. Қолыңа кітап алып оқудың сезімі де бөлек болады емес пе?



Есжан ЕРЖАНОВ,
студент:

– Кітап дүкеніне барсам, бірінші кезекте кәсіпкерлікке қатысты кітап іздеймін. Оның ішінде жеңіл тілмен жалпы бизнес жайлы түсініктеме беретін туындыларды емес, экономикалық жағдайға талдау мен болжам жасаған, нақты кәсіпкерлік жоспар құрудың қадамдарын баяндайтын кітаптарды оқығанды ұнатамын. Екінші кезекте, үлкен жетістіктерге жеткен адамдардың өмірбаян-кітаптары жаныма жақын. Себебі, Генри Фордтың «Менің өмірім, менің жетістігім» деген секілді кітаптарын оқу арқылы өзімнің өміріме үлгі аламын. Ұлы тұлғалардың өз аузынан шыққан оқиғаларды оқу мен үшін тым қызық.

Бүгінгі күні әртүрлі себептермен қол босай бермейді. Сондықтан қолымдағы смартфонмен де электронды кітап оқып, жол үстінде аудиокітап тындауды әдетке айналдырып жүрмін.

Дайындаған Досбол АТАЖАН.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

Көке

«Үлкенді сыйлаған сыйлы болады»



Әр бала қиялшыл келеді. Соның ішінде біздің ауыл балаларының жөні бір бөлек қой. Бізді бала күнімізден атамның інісі бағып-қақты. Асырау міндеті ата-анада болды. Оның жөні түсінікті.

Шын аты – Абылайхан. Өзі орта бойлы, тірлігі мығым, қолынан оңайлықпен зат шықпайды. Кейде бала сияқты. Қулар мақтап, алдап, қажетін сонда да алатын. Сөйлесе фольклордағы сөздерді қолданатын. Өзі құдды Қожанасыр. Ісі, сөзі сол дерсіз. Ақкөңіл жан.

Шіркін, Сырдың бойы ну-тоғай ғой. Малшы ауылда тұрғанда көкеме бөлінген іс – уақ мал бағу. Таңсәріден айдап кетеді. Түсте қайта әкеледі. Түстен кейін кеш батқанша жайып келеді. Сұр есекпен жүреді, қасында екі ит болады. Арасында бізді қарайды. Өмірі бейнет көрді.

Біз отбасында үшеуіміз тетелес өстік. Бұйырса, кіші інім 5 жасқа толады. Оған «ата» деп үйреттік. Бала болса да біледі, атасының жанынан шықпайды. Екеуі бірбірінен ажырамайды. Ауылға жол түссе, көкеммен әзілдесіп қоямыз. Ол кісі кезінде менің әкемді баққан. Оның балалық шағын біледі. Жалпы, басымды иемін. Енді бірер жылда 70-ке толады. Тойды мойныма алдым. Өзі де, қалжыңдап айтып қояды. «Адам қартайғанда балаға ұқсайды» деген рас екен. Екі қарындасым да, мен де, үйдегі кішкене тентек те көкемізге жақынбыз. Анда-санда еркелеп, әзілдесіп аламыз. Ол кісі біздің үйдің шамшырағы ғой. Көңілімдегі осындай ойларды хатқа түсіруді жөн көрдім. Алтын көкемді барында құрметтеу перзенттік борышымыз деп ұғамыз. Елде «үлкенді сыйлаған сыйлы болады» деген тәмсіл текке айтылмағанын осы күндері түсініп келеміз.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



КУРЕС

Азия біріншілігіне
аз қалдыОлжас
ЖОЛДЫБАЙ

Күрес түрлерінен 17 және 23 жасқа дейінгі балуандар арасындағы Азия чемпионаты Қырғызстанда өтеді.

Дәлірек, Азия Біріккен Күрес әлемінің хабарлауынша, биылғы Азия чемпионаты көрші елдің астанасы Бішкек қаласында өтеді. Еркін, грек-рим және әйелдер күресінің жас балуандары 19–26 маусым күндері бақ сынайтын болады.

ФУТЗАЛ

Кәсіпқой лига
құрылды

Елімізде кәсіпқой футбол лигасы құрылды. Мұндай шешім ҚР футбол федерациясының қабырғасында өткен отырыста қабылданды.

Федерацияның баспасөз қызметінен мәлім еткендей, кеңес барысында елімізде футболды дамыту мәселесі талқыланды. Лига құру туралы шешімді футболдан OLIMPBET-Қазақстан чемпионатының барлық клубы бірауыздан қолдады. Лига президенті болып Қазақстан футбол федерациясы футбол департаментінің басшысы Асқар Әбілдаев сайланды. Ұйымның негізгі қызметі футболдан ішкі жарыстарды ұйымдастыру болмақ.

Олар: OLIMPBET-ҚР чемпионаты, OLIMPBET-ҚР кубогы, OLIMPBET-ҚР суперкубогы, сонымен қатар барлық жас ерекшеліктері бойынша ел біріншіліктері (U-13, U-15, U-17). Сондай-ақ, кеңестің күн тәртібінде футболдан Қазақстан Бірінші лигасын құру және жаңа маусымнан бастап футбол командаларын лицензиялауды енгізу мәселелері қамтылды.

ТАЭКВОНДО



Сайыс басталды

Таэквондодан Қазақстан құрамасы Алматы облысындағы «Ақбұлақ» орталығында оқу-жаттығу жиындарын өткізіп жатыр.

Таэквондошыларымыз 28-29 мамырда Иннсбрукте өтетін рейтингтік Austrian Open турниріне дайындықтарын пысықтауда.

Спортшылар тізімі:

54 келі: Әзірет Дүйсенбек,
54 келі: Саят Төрқұл,
58 келі: Нұрбек Ғазез,
63 келі: Әділет Базарбаев,
68 келі: Ерасыл Арапбай,
68 келі: Дамир Шүленов,
68 келі: Эльдар Бірімбай,
80 келі: Нұрлан Мырзабаев,
87 келіден жоғары: Бауыржан Хасенов,
87 келіден жоғары: Руслан Жапаров,
46 келі: Айдана Құмартаева,
46 келі: Наргиза Қойшыбекова,
53 келі: Азиза Қараджанова,
49келі: Ботагөз Қапанова,
67 келі: Нұрай Хусайынова.

ТАҒЫМ

ІЗБАСАРДЫҢ ІЗІ
Қазақ спортының саңлағы туралы бір ауыз сөз

Өмір бойы спорт саласын өзіне тақырып еткен Дендербай Егізов түсірген суреттерінен көрме өткізгенде, алдыңғы қатарға республика ауыр атлеттерінің құрамын қоятын. Көзің тоятын кілең сом мүсіндердің арасында бойы бәрінен биік ірі тұлғалы ол тұратын.

Ауыр атлетикадан
тұңғыш КСРО спорт шебері

Біздің кейіпкеріміз – қазақ жастары арасында ауыр атлетикадан ауыр салмақта тұңғыш КСРО спорт шебері Избасар Оразбақұлы.

Ол бұл атаққа 1966 жылы қол жеткізген еді. Яғни Чапайкин, Пахутко, Дрекслер сияқты әлемге әйгілі қазақстандық ауыр салмақты алыштармен құрама командада бірге жаттықты, республика намысын қорғап, Душанбеде, Ташкентте, Киевте ұжымдық ұлай үшін жан алып, жан берісті. Сол тұстарда ауыр салмақта күш сынасатын қазақ жастары жоқ болатын. Әбдісалам Нұрмаханов пен Әбілсейіт Айхановқа еліктеп, қарадомалақтар боксқа, күреске көп баратын...

Орта Азияның және Қазақстанның, сондай-ақ теміржолшылар арасында КСРО-ның чемпионы атанған ауыр атлет Избасар Оразбақ ерікті спорт қоғамдарында нұсқаушы, жаттықтырушы, төраға бола жүріп, ара-тұра түрлі жарыстарға қатысып жүрді. Соның бірі – 1990 жылы Марокконың (Солтүстік Африка) Мехнас қаласында өткен жеңіл атлетикадан ардагерлер біріншілігінде әлем жеңімпазы тәжін киді. Яғни 100 метрге жүгіруден, ядро лақтырудан алдына жан салмады (штанга көтеруден жарыс өтпей қалды).

Избасар Оразбақ Алматы қаласы әкімшілігінде әр жылдары Туризм және спорт комитетін, Жастар ісі, туризм мен спорт комитетін, Дене шынықтыру және спорт комитетін басқарды. Сол жылдарда мегаполисті басқарған төрт әкімнің тұсында қала спортын дөңгелетті. Республика мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер, КСРО дене шынықтыру үздігі, Қазақстанға еңбегі сіңген жаттық-

тырушы, жоғары дәрежедегі төреші атанды. Аттай он алты жыл қала спортын басқарған адамға кейіннен Алматыдағы ұлттық спорт түрлері және бұқаралық-сауықтыру-дене шынықтыру клубының директоры болу міндеті пәлендей қиындыққа түскен жоқ.

Тың идеялар жемісі

Оны бұқаралық спорттың сонаршысы санайтын. Избасар дәстүрге еңбеген дене шынықтыру-сауықтыру жаттығуларын салауаттылыққа бағыштаған бастаушы батагөй болды, осы саланың «кіндік атасы» дерліктей спорт қайраткері еді.

Әйгілі Медеу шатқалындағы «Баспалдақ» (841 баспалдақ), Қырғауылды ауылындағы қар үстіндегі қысқы ойын (шаңғы, шана, асық ату, арқан тартыс, ләңгі, футбол және т.б.), Жамбыл музейіне шаңғымен екі күндік жорық, қаладағы жаңа жылдық түнгі жарыс – бұлардың бәрі біздің кейіпкеріміздің тың идеяларының жемісі-тұғын. Бәрі де қала әкімшілігімен келісіліп жасалатын.

Бір жолғы жорықты кезінде «Алматы ақшамы» газеті айшықтап жазып, айқара бет бергенін қала жұртшылығы ұмытпаса керек-ті. Газеттің сол кездегі тілшісі Ержан Байтілес «Жорық» деген тақырыпты шаңғышылармен бірге жосылтты. Қала мен дала жастарының жарасымды жүздесулері газетте керемет көрініс тапқан еді сонда...

Ал ол ұйымдастырған түнгі жаяу жарыстың мақсаты – жаңа жылды арақ-шараппен, ақ қайнармен (шампан ату) қарсы алу дәстүрін бұзу болатын. Түнгі сағат 12-ге 15 минут қалғанда Абай даңғылымен жүгіру басталады. Бұл жарым түндегі жаяу жарысқа тоғыз жас пен тоқсан жастың арасындағылар қатысып, Балуан

Шолақ атындағы спорт кешені алдына орнатылған зәулім шырша маңына жүгіріп жетеді. «Былырдаң – биылға жүгіріп келдім» деп әзілдей күлісіп жатқандардың жүздері балбұл жанады. Озғандарға, жүлдегерлерге Съезхан, Баян, Райхан, Қорлан сияқты спорт сүйер ханымдар әртүрлі сыйлық-сыбаға тарататын, шапан жабатын рәсімі тағы бар...

От жүректі, сом білекті
спорт сардары

Қаланың спорт комитетінің денсаулық нығайту турасындағы іс-шараларының бел ортасында болған кейіпкеріміздің осындай көшбасшылық бастамалары баршылық. «Избасар Оразбақұлы республикада алғаш рет дәстүрлі емес дене шынықтырудың негізін қалаушы әрі сауықтыру-бұқаралық жұмыстарды өмірге енгізуші ретінде Қазақстан спорты тарихында осы шараның кіндік атасы, ұйымдастырушы-спорт басшысы болып қалары анық», – деген еді қазақстан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров. Ал әлденеше әлем жарыстарының және Олимпиадалық ойындардың куәгер-жаршысы, журналист-жазушы Несіп Жүнісбайұлы оның бұқаралық спортты өркендету мен салауатты өмір салтын орнықтыруда төккен тері Мемлекеттік сыйлыққа лайық деп бағалаған еді.

Сымдай тартылған сымбатты, от жүректі, сом білекті спорт сардары Избасар Оразбақұлы ойда-жоқта о дүниелік болды. Сәуір айында көктемнің күнімен қоштасып, кете бар-ды... Мың-мыңдаған жанкүйерлері, шәкірттері қалды артында. Ғалым, Сүйін секілді ұлдары әке аманатын аркалап, мемлекет, қоғам алдындағы азаматтық парыздарын адал атқарып жүр. Тіршілігінде тыным таппай, денсаулық үшін небір жарыстарды жарық дүниеге әкелетін спорт деңдары жер қойнына енгелі де жыл он екі ай болды. Жамбыл мен Нұргиса жатқан туған ауылының топырағы бұйырды...

Оның артында кейінгі ұрпаққа тағылым болар ізетті із қалды. Өзі 63 жыл ауасын жұтып, мегаполистің дамуына телегей-теніз тер төккен Алматы шаһарында оның атында бір көше бұйыруы керек-ақ деп ойлаймын. Сондықтан бүгінгі қалалық спорт басқармасындағы басшылар осы сала ардагері ретінде Избасар Оразбақұлының рухын ұлықтап, оны еске сақтауға белгі боларлық іс-шараны ойластырады деп сенеміз.

Орысбай ӘБДІЛДАУЛЫ,
спорт журналисі,
Алматы қаласының тұрғыны.

«СПОРТТЫҚ АЛМАТЫ»

СЕРГЕКТІК СЕРІГІҢІЗ БОЛСЫН!

Қазіргі таңда «Спорттық Алматы» бағдарламасы қала тұрғындарының айнаымас серігіне айналып отыр. Осы бағдарлама аясында түрлі спорттық сайыстар, отбасылық жарыстар жиі өткізіле бастады. Соның бір дәлелі – Әуезов ауданындағы №64 бөбекжай-балабақшада өткен «Толағай» отбасылық спорт жарысы.

Рая
ЕСКЕНДІР

Жарысқа мектепалды «Тұлпар» мен «Қыран» тобы, «Балдырған» және «Жауқазын» ортаңғы топ бүлдіршіндері мен олардың ата-аналары қатысты.

– Спорт қашанда адамды шапшаңдыққа, сергектікке баулы, денсаулықты нығайтады. Сондықтан баланың спортқа деген қызығушылығын қазірден бастап қолға алуымыз керек. Жалпы, кез келген отбасында салауатты өмір сүру қағидасы қалыптасса, ертең деңі сау ұрпақ өсіп жетіледі. Адамның спортқа деген құштарлығы отбасынан бастау алуы керек. Мұндай спорттық жарыстардың тағы бір пайдалы тұсы, балаларды ұйымшылдыққа баулиды, – дейді балабақша меңгерушісі Гүлмира Сәлімханова.

Спорттық жарысқа қатысқан ата-аналар да бір сәтке демалып, сергіп қалды. Осынау жарысты ұйымдастырған әдіскер Самал Әбсаттарқызы мен тәрбиешілер Маржан Смайылова, Бақыт Бекенова, Мөлдір Жұмабекова, Гүлсім Серікбайқызына үлкен де, кіші де разы болып, алғыс айтты. Жеңімпаздарға Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыс етілді.



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ҚАЗАҚША КҮНТІЗБЕ



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақ халқы күн мен айдың қозғалысын, жұлдыздардың туатын және бататын кездерін жақсы білген. Соның негізінде 4 жыл мезгілінен бөлек, қазақша күнтізбедегі жыл мезгілдерін айырып, мал алу мерзімдерін біліп, уақытты есептеп отырған.



Бесқонақ

Соңғы күндері еліміздің біраз аймағында жаңбыр жауып, күн райы күрт өзгерді. Сәуірдің ортасына қарай күн салқындап, тіпті, қар жауатын мұндай кезді қазақ күнтізбесінде «бесқонақ» немесе «отамалы» дейді.

Сәуірдің 5-інен бастап, 10-ына дейін 5 күн ай тоғысады, осы ай тоғамына қарап қазақ алдағы бір жылдың ауа райын болжап отырған. Оның басталуы әр өңірде әртүрлі, бір аймақта құбылыс 17–23 сәуірде болса, басқа өңірде, мәселен, Батыс аймақта бесқонақ мезгілі сәуірдің 8-і кіріп, 18-і шығады деп болжаған.

Бесқонақ келгенде қыс қайтып келгендей, күн суытып, жаңбырлатып, тіпті қар жауады.

Тәуліктің ширегін жыл сайын күнтізбеге енгізіп отыру қолайсыз. Сондықтан қазіргі қолданылып жүрген Григорий күнтізбесінде бұл ширектерден 4 жылда 1 күн құралатындығы ескеріліп, әрбір 4 жылдың алдыңғы үшеуі 365 күннен, төртіншісі 366 күн болып алынған. Ал әрқайсысы 30 күндік 12 айдан тұратын қазақ күнтізбесінде 360 күн болды. Жыл толық болу үшін оған 5 (кібісе жылдары 6) күн қосу керек. Аптаға толмайтын осы 5 күнді қазақ халқы «Бесқонақ» деп атаған. Тағы бір деректерде, аңыз бойынша ертеде 5 адам күн жылынды екен деп көрші ауылдарға қыдырып барады. Үйіне қайтарда қар жауып, күн суытып, бесеуі ауылдарына жете алмай, үсіп өлген екен. «Бесқонақ» деген атау содан қалған. Сондықтан осы мезгілде ауа райын болжау қиын болып, қазақ алыс сапарға шықпай, малын алысқа ұзатып жаймаған.



Отамалы

Сәуірдің 10-ында кіріп, 15-інде шығады. Отамалы деген – оттың, көктің, шөптің амалы деген сөз. Өйткені, 3–5 күнге созылған осы амал кезінде күн шұғыл суып, қарлы жаңбыр жауады. Артынша күн жылдам жылынып, ылғал мен топырақ қызуынан көк жапатармағай тебіндей бастайды. Осы амалға байланысты аңыз бойынша сіріңке жоқ заманда көрші ауылдан от алуға барған әйел қайтып үйіне жеткенше бұрқақта адасып, үсіп өледі. Осыдан отамалы атанған. Қазақта соған сай, «Отамалы – оңына бақса, от алғанша, терісіне бақса, оталғанша» деген мақал бар.



Құралай салқыны

20–25 мамыр аралығындағы мезгіл. Киіктер лақтарын туып, далаға жыңғылдың арасына тастап кете береді. Жыл сайын осы күндері қатты суық болады. Бұл – аң төлдейтін мезгіл. Осы кезде киіктер лақтап болып, құралайын суық жерден тұрғызып, жүгіртіп өргізеді. Киіктердің төлдеуі 2-3 күнге ғана созылады. Мамыр айының аяғында болатын осындай суық күндерді «Құралайдың салқыны» деп атаған. Қазақтар құралайдың салқынын күтіп, одан да сақтанатын болған.



Қызырдың қамшысы

Құстар жұмыртқалап болған соң «Қызырдың қамшысы» амалы келеді. Сәуір айының он бесінен кейін алғаш рет найзағай ойнап, жаңбыр жауып, жер бусанады. Осы кездегі найзағайдың жарқылын «Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс біржолата кетті» деп есептеген. Сәуір айының соңында 2-3 күнге созылатын суық жел соғып, тобылғы жарған амалы басталады. Яғни бұл кезде де күн салқындап, жаңбыр жауып, күн күркірейді. Қариялар осы кезде тобылғының бүршік жаруы, яғни өсімдіктердің тамыр жаюы деп, «енді жерге көк шығады» деп қуанған.

БАЙҚАУ

Алматы қаласының Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры елімізде Ғашықтар күніне орай «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты ауқымды байқау өткізді.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазақстанда 2011 жылдан бастап ғашықтар мерекесі – «Ұлттық ғашықтар күні» ретінде тойланады. Байқаудың мақсаты – махаббаттың тазалығы мен сұлулығын таныту, пәктікті, қазақстандық әйелдер мен халық батырларының бейнелерін насихаттау, жастар арасында бір-біріне деген сүйіспеншілік пен



түркі, қазақстандық әйелдер мен халық батырларының бейнелерін насихаттау, жастар арасында бір-біріне деген сүйіспеншілік пен

құрметті дамыту. Шаһардағы «Форум» сауда ойынауық орталығында ғашықтар күніне орай «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» атты

ӘР ЕЛДІҢ САЛТЫ БАСҚА

Ғашықтар күні қай елде қашан тойланады?



Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

ҚАЗАҚСТАН

15 сәуір – Ұлттық ғашықтар күні. Қозы Көрпеш – Баян сұлу күні деп аталатын бұл мерекенің шығу тарихы туралы түрлі дерек бар. Бұл мереке Қазақстанда 2011 жылдан бастап тойланады. Содан бері айтулы күннің маңызы жыл сайын артып келеді. Қазақ ғашықтар күнін ұлттық салт-дәстүрмен жарастырып, одан әрі насихаттау қоғамның, әсіресе бүгінгі жастардың міндеті.

РЕСЕЙ

Ресейде ғашықтар күні 14 ақпанда аталып өтіледі. Бұл мерекені «Әулие Валентин күні» деп атайды. Деректерде «Әулие Валентин күні» Батыс Еуропа XIII ғасырдан бері, АҚШ 1777 жылдап бастап мерекелеуде. Оның Қазақстанға және басқа да ТМД-ға келген кезі – 90-жылдардың басы.

ИСПАНИЯ

Испандықтар ғашықтар күніне байланысты бөлінген 1 күнді азық етіп, қасиетті Георгий еске алу күнін ғашықтар мерекесіне айналдырған. Ерттеректегі аңыз бойынша, өлтірген айдаһардан алқызыл раушан өсіп шығып, Георгий оны бейтаныс сұлуға сыйға берген. Сол себепті, жыл сайын 23 сәуір күні жастар ең әдемі раушан гүлдерін сүйіктілеріне сыйлайды. Ал қыздар оған жауап ретінде жігіттеріне махаббат туралы кітап береді.



ГРУЗИЯ

Бұл елдің тұрғындарының басым көпшілігі христиан дінінің православ бағытын ұстанатын болғандықтан, XX ғасырдың соңына дейін ел үкіметі Қасиетті Валентин күнін «католиктердің мерекесі» деп, жастарға төл махаббат күнін 15 сәуір деп белгілеген. Осы күн ресми мереке саналғандықтан, демалыс болып есептеледі. Грузияда ғашықтар бір-біріне гүл, әтір немесе тағы да басқа ерекше сыйлықтар сыйға тартады.

АРМЕНИЯ

Ғашықтар күні 4 ақпан күні тойланады. Баяғыда осы елдің патшасы 40 қызметші әйелге сарайдағы жеңіс тойын тойлап жатқан жауынгерлерді өлтіруге бұйрық береді. Оның 39-ы бұйрықты бұлжытпай орындаса, бір ғана әйел Саркис деген батырға ғашық болып, оны құтқарып қалады. Сол себепті, армяндар ғашықтар күнін Қасиетті Саркис күнінде атап өтеді. Кешке қарай мейрам басталмастан бұрын олар тұздалған құймақ жейді. Олардың нанымы бойынша осы түні олар түсінде өздерінің екінші жартысын көреді. Ал күндіз жастар шіркеуге барып, құлшылық жасайды.

ЖАПОНИЯ

Күншығыс елінде Ғашықтар күні 14 наурыз күні тойланады. Бұл күні көбіне қыздар белсенділік танытып, ал жігіттір өз сүйіктілерінің жасаған сыйларына алғыс айтулары керек. Жігіттер қыздарға ақ шоколад беретіндіктен, бұл мереке «Ақ күн» деп аталып, жыл сайын тойланады.

ҚЫЛҚАЛАМ



Рая
ЕСКЕНДІР

Алмалы ауданындағы М.Дулатов атындағы мектеп таланттардың шеберханасы іспетті. Олай дейтін себебіміз – қазір осы мектептің оқушысы салған суреттерге еуропалық суретшілердің назары ауып, қызығушылық танытып отыр. Жас суретші Меруерт Мигданова салған суреттер еуропалық суретшінің жеке студиясына қабылданды. Осылайша қаршадай қыздың қаламынан шыққан туындылар арқылы Еуропа жұртшылығы Қазақстанның кең даласын, сырлы тарихын танып-біліп жатыр.

Жақында ғана «Көркем еңбек» пәні бойынша 9-сынып оқушылары салған «Менің өзгеше әлемім» атты суреттер көрмесінің тұсаукесер рәсімі өтіп, 37 оқушының туындысы ұсынылды. Бұл ретте «Бұлақ көрсең, көзін аш» деп, талантты балаларды танып, оларға бағыт-бағдар беріп жүрген Рысқұл Ағыбаеваның еңбегінің ұшан-теңіз екенін атап өткен орынды. Осы мектепте 30 жылдан астам абыроймен еңбек етіп келе жатқан Рысқұл Ағыбаева Дизайнерлер одағының мүшесі. Жақында осы одақтың 10 жылдық мерейтойлық көрмесіне шақырту алып, талантты оқушыларымен қатысқалы отыр.



Сонымен қатар, мектеп басшысы Талғат Төреқұлов қазір «Көркем еңбек» пәніне аса мән беріліп отырғанын баса айтты. Өйткені, балалардың өнерге қызығушылық танытуы – олардың тәрбиелі, жан-жақты болып қалыптасуына ықпалын тигізеді. Сондықтан мектеп жанынан «Жас талантты суретшілер» атты топ ашып, оларға кең қолдау көрсетіп отырғанын жеткізді. Директордың тәрбие жөніндегі тәлімгері Мақпал Жаужүректің де бұл жолда қосып жатқан өзіндік үлесі бар.

Талантты жас суретшілердің талғамы терең, армандары әрқилы. Мәселен, Меруерт Абатқызы ұлағатты ұстаздары мен еңбек ардагерлерінің графикалық порттерін салып, өзінің тұңғыш көрмесін өткізсе, енді шетелдерге шығу ойында бар. Осы топтың



басшысы Айша Сейтжапбарова сурет салумен қатар, бейнеролик түсірудің де шебері. Әділет Қапаровтың болашақта кәсіпкер болып, автокөлік жасайтын зауыт ашқысы келеді. Ал Әділет Тұрғанбекті сәулет өнері ерекше қызықтырып, болашақта барлық жағдайы жасалған, заманауи үйлер тұрғызғысы келетінін айтты. Талантты қыз Камила Қаболданның анасы дизайнер болғандықтан, болашақта өзі де, сіңілісі де дизайнер болғысы келеді. Аянат Елубайдың бір басында бірнеше өнері бар. Ол домбыра тартып, ән салады, «Қазақ циркінде» де қолтаңбасы бар. Ал Сайора Болатқызы сурет салумен қатар, болашақта таланттарды қолдау орталығын ашқысы келеді. Жас таланттардың болашағына әрқашанда қолдау бар.